

**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА  
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ  
БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ  
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

**Факультет деканы:**

\_\_\_\_\_ **доц. Тұрдыбаев Қ.**

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ **2013 ж.**

**5220100-филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)  
бакалавр бағдарының 4-курс студенті Жақсыбаева Альфияның  
«Қазақ және қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесі» деген тақырыптағы**

**БІТІРУ - МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ**

**Қорғауға рұқсат берілді**

**Түркі филологиясы  
кафедрасының меңгерушісі**

\_\_\_\_\_ **Г.Адилова**

**Ғылыми жетекшісі:**

\_\_\_\_\_ **доц. Г.Айназарова  
үлкен-оқытушы Ж.Асанова**

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ **2013 ж.**

**НӨКІС - 2013 жыл**

**Мемлекеттік аттестация комиссиясының**

**ҚАУЛЫСЫ:**

**5220100- филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)  
бакалавр бағдарының бітірушісі Жақсыбаева Альфияның  
«Қазақ және қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесі» деген тақырыптағы  
бітіру-мамандық жұмысына**

**« \_\_\_\_\_ » балл қойылсын**

**МАК бастығы:** \_\_\_\_\_

**МАК орынбасары:** \_\_\_\_\_

**МАК мүшелері:**

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

## **Жоспары:**

### **Кіріспе**

### **Негізгі бөлім**

#### **I. Қазақ және қарақалпақ тілі дыбыс жүйесінің зерттелу тарихы**

1. Қазақ фонетикасының зерттелу тарихы
2. Қарақалпақ фонетикасының зерттелу тарихы

#### **II. Қазақ және қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесі туралы**

##### 1. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамы

##### 2. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамы

##### 3. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі геминация құбылысы

### **III. Қорытынды**

### **IV. Пайдаланылған әдебиеттер**

## Кіріспе

Адам баласының тілі - дыбыстық тіл. Жеке тұрғанда мән-мағынасыз көрінетін дыбыстар бір-бірімен ұстасып, берік қиюласып сөзді жасаса, сөздерден сөз тіркестері, сөйлемдер құралатыны белгілі. Бұдан сөздердің қаңқасы да, қаны да, жаны да дыбыстар екенін, сөйлеу де, жазу да тек осы дыбыстардың арқасында ғана өмір сүретінін аңғару қиын емес.

Тілдің дыбыстық жағы – оның өмір сүру амалы. Тілдегі санаулы дыбыстар сөздің құрамында белгілі бір тәртіппен қиюласып, тіркесіп, қайталау арқылы дыбыс жүйесін, тілдің бет-пішінін, болмысын айқындап, өзге тілдерден ерекшеленеді.

Сондықтан да мектеп табалдырығын аттаған алғашқы күннен бастап жеке дыбыстарды айтып, олардың таңбалары – әріптерді жазып үйренеміз. Бертін келе дыбыстарды дауыстылар, дауыссыздар деп бөліп, дауыстыларды жуан-жіңішке, ашық-қысаң деп жіктеп, дауыссыздарды қатаң, үнді, ұяң деп топтап, олардың сөз ішінде біріне-бірі ықпал жасап, үндесіп тұратынын, дыбыстардың айтылу, жазылуындағы кейбір ерекшеліктерді, буын сияқты ұғымдарды пайымдауға тырыстық. Мұны танытатын ғылым **фонетика** деп аталатынын да білеміз.

**Фонетика** – дыбыс туралы ілім, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Дыбыс жүйесі қарастыратын мәселелер: тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде бір-біріне ықпал етіп, үйлесіп, үндесіп тұрудың тетігі, буын, сөйлеу мен жазудың арақатынасы орфография, орфоэпия т.б.

Тіл мәдениеті сөздерді айтуда да, жазуда да бірізділіктің болуын талап етеді. Кезінде тіліміздің дыбыс жүйесі, дыбыс заңдары жете ескерілмегендіктен, қазіргі айту, жазуымызда ала-құлалық көп. Мысалы, алдыңғы сөйлемде кездесетін *қазір* сөзін емлені құрметтеп, осылай жазып, айтатындармен қатар, *қазыр*, көбіне *кәзір* түрде қолдану да жарысып жүр.

Олай болатыны, аралас (жуанды-жіңішкелі) буынды *қазір* сөзі тіліміздің үндестік заңымен үйлеспейді. Фонетиканы жете меңгергенде ғана тіліміздің дыбыстық жүйесін, дыбыстардың сырын түсініп, әлгіндей үйлесімділікке жол бермеуге болады.

Дыбыстардың пайда болу, өзгеру сырларын білмей тұрып, лексикалық та, грамматикалық та құбылыстарға ғылыми түсінік беру, өзімізге мектептен таныс қатандану, ұяндану сияқты дыбыстық өзгерістерді түсіндіру, қазіргі жазудың сырын түсіну қиын. Фонетика тіліміздегі бірсыпыра сөздердің пайда болуын анықтауға, тілдердің арасындағы туыстық байланысты табуға тілдің айту, жазу нормаларын дұрыс меңгеруге мүмкіндік береді.

Тарихы әріден басталатын қазақ фонетикасының тіл біліміне қосқан үлесі соншалықты мол болғанымен, қазақ фонетикасының төңірегінде бүгінгі күнде шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі **дыбыстардың үндесу проблемасы** болып есептеледі. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі басы артық заңдылықтардың және дыбыстардың құрамындағы алақұлалықтардың пайда болуына себеп болып жүрген мәселелерге төмендегілерді жатқызуға болады:

- 1) дауысты дыбыстардың құрамы;
- 2) дауыссыз дыбыстардың құрамы;
- 3) геминация құбылысы;

Зерттеу, баяндау, сипаттау тәсілдеріне қарай фонетиканы төрт салаға бөлеміз: сипаттамалы, тарихи, салыстырмалы, салғастырмалы. Туыс тілдердің дыбыс жүйесін салыстыра зерттеу, олардың ұқсастықтары мен айырым белгілерін айқындау **салыстырмалы** фонетиканың міндетіне жатады. Біздің бітіру-мамандық жұмысым негізінен қазақ және қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесін салыстырмалы тұрғыдан зерттеуге арналған.

#### **Бітіру-мамандық жұмысының негізгі мақсаты:**

Қазақ және қарақалпақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жасалым негізін салыстыра зерттеу;

Қазақ және қарақалпақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалым негізін салыстыра зерттеу;

Қазақ және қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесіндегі геминация құбылысын салыстыра зерттеу;

# **I. Қазақ және қарақалпақ тілі дыбыс жүйесінің зерттелу тарихы**

## **1. Қазақ фонетикасының зерттелу тарихы**

Қазақ тілі дыбыс құрамының зерттелім тарихы ғасырдан асып барады, арнайы фонетикалық монографиялар мен оқулықтар, жазба мұрағаттардың фонетикалық талданымы, диссертациялар мен сөздіктер, мақалалар мен баяндамалар көптеп жарық көріп отыр.

Дегенмен, әр дәуірдің өзіне лайық теориялық жетістіктері мен практикалық талаптарына сай қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесін мезгіл-мезгіл тиянақтап отыру, сөз жоқ, қажет.

Біз бұл бөлімде қазақ фонетикасының зерттелім тарихын дәуірлеу нәтижесінде әр дәуірдің өзіне тән теория-практикалық ұстанымдары мен алынған нәтижелері көрсетілді. Қазіргі қазақ фонетикасының құрылымын төл қазақ фонетикасы, кітаби қазақ фонетикасы және еуроөзімшіл (евроцентризм) қазақ фонетикасы деп топтастыруға тура келеді.

### **1.1. Қазақ фонетикасының зерттелім дәуірлері**

Қазақ фонетикасының зерттелу тарихының өзіндік ерекшеліктері бар. Ондай ерекшеліктер зерттеушілердің заманына сай әртүрлі теория-практикалық ұстанымынан туындап отырды. Сонымен қазақ фонетикасының зерттелім желісі төрт тарихи дәуірлерді басынан өткізді.

**1. XIX ғасыр зерттелімдері.** Алғашқ дәуір XIX ғасырдың орта тұсы мен екінші жартысын қамтыды. Қазақ жерін саяси-әскери игерудің басты бір амалы ретінде қазақ тілін зерттеу басталды. Ондағы мақсат қазақ тілінің қарапайым оқулықтарын жазып, сөздіктерін құрастыру болды. Қазақ сөздерін алғаш орыс графикасымен жазған миссионер Николай Иванович Ильминский болды. Ол 1860 жылы Қазанда «Материалы к изучению киргизского наречия»<sup>1</sup> деген еңбегін жариялады. Еңбектің бас жағында автордың қазақ тілі, оның дыбыстық, грамматикалық жүйесі жөнінде пайымдаулар баяндалған. Н.И.Ильминский қазақ тілінің шешендік,

---

<sup>1</sup> Ол кезде қазақты қырғыз деп атаған.

сұлулығына сұқтанады, көне түркілік сөздер көп кездесетініне, өзіндік дыбыстық жүйесімен ерекшеленетініне назар аударады. Оның айтуынша, қазақ тілінде мынадай дыбыстар бар: дауыстылар – *а, (ә), е, ы, і, о, ө, ұ, ү*, дауыссыздар – *п, б, м, у, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, й, к, г, қ, г, ң*. Яғни дауыстылар – 8, дауыссыздар – 19. Н.И.Ильминский *а* және *ә* дыбыстарын (жуанды-жіңішкелі) бір дыбыс деп есептеген.

Осы күнгі орыс графикасына негізделген қазақ жазуының негізін салған Н.И.Ильминский болды. Тек ол қолданған кейбір қосымша таңбалар ғана өзгеріске ұшырады.

Осы күнгі *қ, г, к, г* дыбыстары бас-басына фонема ма, әлде екі-ақ фонема ма деген сұрақ жиі туып жүр. Бұларды осылай төрт түрлі таңбалау да осы Н.И.Ильминскийден басталса керек. Қысқасы, Н.Ильминский қазақ тіліндегі дыбыстарды біршама дұрыс анықтаған деуге болады. Бұл күнде қазақ тіліне қызмет ететін 42 әріп пен 12-15 дауыстының, 25-26 дауыссыздың ол кезде елесі жоқ.

Н.Ильминский қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылуына, өзара үндесуіне, дыбыс алмасуларына да назар аударады. Екпін туралы айтуды да ұмытпайды. *Ата* сөзіне *еке* жалғанып, *әтеке* одан *әке* пайда болатыны, *тұрған* сөзі - *тұғын*, одан – *тын* жұрнағына айналатыны, *ем, ек, қап, кеп, ап* сияқты айтулар да елеусіз қалмаған.

Н.Ильминскийдің сөздігі - тұңғыш қазақша-орысша сөздік. Бұл – фонетика үшін де құнды еңбек. Біз бұдан қазіргі орыс графикасына негізделген жазуымыздың тәй-тәй басқан алғашқы адымын көреміз, орфоэпия, орфографиямыздың даму жолын зерделейміз.

Қазіргі қазақ емлесі еріндік дауыстыларды тек бас (бірінші) буында ғана жазып, айтуымыз да сонымен шектеліп жүр. Тіпті қазақ тілінде ерін үндестігі жоқ деудің алдында тұрмыз. Араб жазуымен жазылған текстен айтудың жай-күйін парықтау қиын. Ал орыс графикасымен жазылған сөздерде айтудың ізі бар.

Мәселен, Н.Ильминский сөздігіннен: *ауұтқу, бүгөлөк, бүлдүргө, бүлдүргөн, бөлтүрүк, күлдүрөуүш, мұрұндұқ, өмүлдүрүк, өтүрүк, сүңгүүүр, түгөндө, үйүрүм, үрүптөс (сроду родившиеся двое)* деген сияқты қазіргілерге өрескел көрінетін жазуды көреміз.

Ал екінші буында еріндікпен жазылған сөздер тіпті көп. Тек еріндік дауыстылардан соң ғана емес, дауыссыз у-дан соң да еріндік әріптер жазылады: *ауұл, ауұз, ауұс, ауұтқұ, бауұр, дауұс, сәуүрүк* т.б. Алайда автор ұстаған берік жүйе жоқ. Сөздікте: *бөпе, бөрі, бөле, бөгде, бөдене, бөбешік, бөтен, өзен, өзек, өкпе, өрле, өркеш, өлие* сияқты біраз сөзде еріндіктер бас буыннан әрі бармаған. Кейінгі жазу осы жағын қуалап кеткен деуге болады.

Лазарь Захарович Будаговтың (1812-1878) «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» деп аталатын екі томдық көлемді сөздігінде де қазақ сөздері мол қамтылған. Қазақ лексикографиясы тарихы үшін маңызы бар бұл еңбекте сөздер араб әрпімен жазылған. Тек екінші томында ғана сөздердің орыс тіліндегі транскрипциясы берілген. Дегенмен қазақ сөздерінде орфографиялық ақаулар көп кездеседі.

1875 жылы әскери қызметкер, тарихшы М.А. Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» деп аталатын кітабы шықты. 209 беттік кітаптың 45 беті қазақ тіліне арналған және оны жазуда Н.Ильминскийдің өзімізге таныс еңбегін пайдаланған. Сондықтан да мұнда ауыз толтырып айтарлықтай фонетикалық жаңалық жоқ. Кітаптан *саулұқ* (122-бет), *өзүмүздү* (132-бет) деген сияқты жазуды кездестіруге болады.

1879-жылы Ы.Алтынсарин «Киргизская Хрестоматия» деп аталатын оқу құралын орыс графикасы негізінде өзі жасаған қазақ алфавитімен шығарды.

Кітап «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен басталады:

*Бр кудайға сыйынып,*

*Кель балалар оқылық.*

*Оқыганды кунгульге*

*Иклас пен токылык!*

*Истин болыр каиры*

*Бастасангыз алдалап.*

*Оқымаган жүреді*

*Карангыны кармалап.*

Осыдан-ақ, Ыбырай жазуының дәрежесін аңғаруға болды. Бұған карағанда, Н.Ильминский қазақ тілінің дыбыс жүйесін әлдеқайда дұрыс берген. Тек өз досының бастамасын жалғастырмағанын түсіну қиын. Осындағы *алдалап* деген сөздің айтылуын көңілге түйіп қойған жөн.

Түркі тілдерін зерттеудің жаңа кезеңі Василий Васильевич Радлов (1837-1918) еңбектерінен басталады. Ол түркология ғылымының барлық салалары бойынша жол салып, қажырлы еңбек етті, түркологияның атасы аталды. Оның «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» деп аталатын еңбегі 1882 жылы Лейпциг қаласында неміс тілінде жарық көреді. Мұнда қазақ тілінің дыбыстық жүйесі біршама шешімін тапқан. Ол қазақ тіліндегі дауыстылардың санын 9 (*а, ә, е, о, ө, ы, і, ұ, ү*) дауыссыздар 20 деп анықтаған. Дауыстыларды ашық (*а, ә, е, о, ө*), қысаң (*ы, і, ұ, ү*), жуан (*а, о, ұ, ы*), жіңішке (*ә, е, ө, ү, і*), еріндік (*о, ө, ұ, ү*), езулік (*а, ә, е, ы*) деп жіктейді. Ал дауыссыздарды да іштей қатаң (*қ, к, т, п, с, ш*), ұяң (*ғ, г, д, б, з, ж*), үнді (*н, ң, м, р, л*) және аралық немесе жарты дауысты (*у, й*) дыбыстар деп бөлген. Кейінгі жарты дауысты дейтін пікірді біраз зерттеушілер қайталады.

В.Радлов *л* дыбысын өзге дауыссыздардан бөле-жарып, жуанды-жіңішкелі айтылатын екі дыбыс деп қараған. Бұдан өзге ол қазақ тілінен екі, үш дыбыстың қосындысынан тұратын дифтонг, трифтонгтарды тапқан, әрине, бұлары шындыққа келмейді. Түркі тілдеріндегі екпін туралы айтқанда, көп буынды сөздерде негізгі екпін сөздің соңына түсетін көрсетеді. Сондай-ақ ол дауыссыз дыбыстардың тіркесу заңдылығына да көңіл бөлген.

В.Радлов әсіресе дауыстылардың сингармонизміне айрықша назар аударады. Тіл үндестігіне зор мән береді, ерін үндестігі кейін пайда болған

деп оның мәнін төмендетеді. Алайда оның өз жазғандарынан қазақ тілінде дерін үндестігі мықты екендігіне көз жеткізу қиын емес. Оның «Образцы народной литературы тюркских племен» дейтін көп томды еңбегінің 3-томы түгелдей қазақ ауыз әдебиетіне арналған. Сондай-ақ, «Опыт словаря тюркских наречий» дейтін атақты сөздігінде де қазақ сөздері мол қамтылған. Бұл сөздерді барынша айтылуына жуықтатып жазғанын ескертеді. Бұдан біздің бабаларымыз еріндік дауыстыларды тежемей, сөздің өн бойында айтқанын анық аңғарамыз. Сөздіктегі қазақ сөздерінің жазылуы мынадай болып келеді: *бүлдүргөн, бүлдүргө, бүрмөлө, бүркөндүр, бүркөншүк, бүгөжөктө, бөлтүрүк, бөдөне, бөпө, бөбөшүк, жүдүрүк, жүлдүздү, жөндөндүр, көгүлдүр, жүрөксүздүк, көңүлшөк, көрүмдүк, көргөндү, көзүлдүрүк, көлөңкөлү, күңүрөндүр, күлдүрөуүш, төңөрөктө, тоқтаусүз, төбөлөстүр, тұмүлдүрүк, түймөлө, түймөлү, түгөндө, түңүлдүр* т.б. Сондай-ақ дауыссыз у-дан кейін де қысаң езуліктер тұра алмайтынына көз жеткізуге болады: *әуөс, әуө, әурө, дәукөс, дәурөн, дәүлет, кеудө, байлаулү, байлаусүз, жауұрүндү, жаурүнишү, жолаушү, зауұқшүл, сәуөгөй, сәурүк, сөүлө, сілеусүн* т.б. Бұдан қазіргі тілдің бабалар айтуынан алшақтап кеткенін аңғару қиын емес.

Қазақ тілі жөніндегі ХІХ ғасырда жазылған елеулі еңбек академик В.В.Радловтың шәкірті Платон Михайлович Мелиоранскийдің (1868-1906) грамматикасы деуге болады. Санкт-Петербург университетінің 4-курс студенті 1890 жылы Орынбор, Торғай далаларын аралап, қазақ тілін үйренеді, қазақ ауыз әдебиетін жинайды. Сол жиналған материалдың негізінде «Киргизские пословицы и загадки», «Краткая грамаматика казах-киргизского языка» деп аталатын еңбектерін жариялайды.

«Краткая грамматика казах-киргизского языка» 1894-1895 жылдары екі кітап болып шықты. Бұл - қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылымын біршама толық баяндауға тырысқан алғашқы да, соңғы орыстар жазған еңбек деуге болады.

Кітаптың кіріспесінде орыстар «қырғыз» деп жүрген халық өзін қазақ деп атайтынын, қазақ тілі түркі халықтарының ішіндегі ең таза, ең бай тіл екенін, араб жазуы оның дыбыстық жүйесін дұрыс өрнектей алмайтынын, сол олқылықты толтыру үшін орыс графикасын қолдану ыңғайлы болатынын айтады.

Еңбектің 21 беті фонетиканы баяндауға арналған. Автор қазақ тілінде 9 (*а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і*) дауысты, 20 (*б, п, м, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, қ, г, к, г, ң, й, д, ж*) дауыссыз бар деп біледі. Платон Михайлович Мелиоранский де В.Радловтың ізімен *л* дыбысын (жуан-жіңішке) екеу етіп алады және дауыссыздардың қатарына *дж* дыбысын қосады да, *д*-ны анық айтпау керек, ол батыс қазақтарының тілінде тіпті сезілмейді дегенді айтады. Ол үнді *у* дыбысын онымен қатар келетін дауыстымен біріктіріп қосарлы түрде (*ау, еу, уа, уә* т.б.) қарайды. Мұндай дыбыстардың жоқ екені бізге мектептен таныс.

П.Мелиоранский аталған дыбыстардың араб, орыс жазуында қалай таңбаланатын, қалай айтылатынын (дыбысталатынын) тәптіштеп түсіндіреді.

Дауыстыларды жуан, жіңішке, ашық, қысаң деп ажыратады. Сингорманизм заңына зор мән беріп, дыбыстар үндестігін жап-жақсы түсіндіреді. Сөздердің бірыңғай жуан не жіңішке болып келетінін, еріндік дауыстылардың үшінші буыннан кейін әлсірейтінін мысалмен (*көрүстүрдіңіз* деген сияқты) көрсетеді.

Сөйте тұра, еріндіктерді шектеу байқалмайды: *төрөлөрдүң, төрөлөрөн, төрөлөрдөй, төрөлөрдү* деп септеп, *жүдөгөйсүң, жүдөгөймүз* түрде жіктейді.

Бірсыпыра сөздерді В.Радловтың еңбектерінен алғанын дәлелдеу үшін кітаптың бетін, тіпті жолына дейін көрсетіп отырады. Мәселен, *күйөуүмнөн, сүйрөтүлгөннен*.

Қысқасы, В.Радлов, П.Мелиоранскийлер қазақ тілінде еріндік дауыстылардың қолданылуын теориялық жақтан шектегенмен, іс жүзінде

ерін үндестігі толық сақталған. Бұл – қазіргі қазақ тілі туралы айтқанда есте болатын маңызды фактор.

П.Мелиоранский кірме (араб, парсы, орыс) сөздердің игерілуіне көңіл бөлген. Қазақ «білімпаздары» араб-парсы сөздерін сол тілдегідей етіп жазылатынын, шала оқығандар халықтың айтуына жуықтатып бұзып жазатынын, кірме сөздердің «қазақыланып» кететінін, өзінде жоқ жат дыбыстық тіркестерге қазақ тілінің төзбейтінін нақты мысалдармен түсіндіреді. Араб-парсы тілдеріндегі *алла, мола, міннет, асман* сөздері қазақ тілінде *алда, молда, міндет, аспан* болып, *ф* дыбысының *п*-ға айналып (пайда, кепіл) айтылатынын ескереді.

Осы дәуірдегі зерттеушілердің қолында дайын материал болған жоқ. Сондықтан олар қазақ тілінің сөздерін ел аралап жүріп жинап, қалай естісе, солай жазып алып отырды. Соның нәтижесінде қазақ сөзінің таза ауызша айтылым үлгісін тап басып, қағазға түсіріп алып отырды. Олар құрастырған еңбектерде қазақ сөзінің үндесім (сингормониялық) үлгісі сол таза ауызша күйінде енгізілді. Қазақ тілі дыбыстарының сөз құрамындағы (сөйлеу үстіндегі) түрленім үлгілерін айны-қатесіз көрсетіп отырды. Әсіресе, ерін үндестігіне қатты көңіл бөліп, көп буынды сөздердің соңғы буынына дейін таңбаланды. Бірінші дәуір зерттеушілерінен қалған жазба мұрағаттарды, қазіргі тілмен айтқанда, қазақ тілінің орфоэпиялық жазбасы деп қабылдауға болады.

Бірінші дәуірге қатысты жетістіктер, ерекшеліктер деп, зерттеушілердің үндесім құбылысының сырын дұрыс түсініп, ол туралы теориялық пайымдаулар ұсынғанын, сондай-ақ қазақ тілінің дыбыс құрамын дәл анықтап, ерін үндестігін сөздің аяғына дейін жеткізіп бергендігін айтуға болады.

Алғашқы зерттеушілердің ғылыми зерттеу әдісі қазақтардың сөзін бетпе-бет тыңдап алып, дыбыс құрамын естілім түйсінімі арқылы анықтау болғандықтан, қазақ фонетикасының бастапқы зерттелім дәуірін ғалым

Ә.Жүнісбеков *естілім зерттелім (слуховая фонетика) дәуірі* деп атайды<sup>1</sup>. Өйткені естілім дәуірінің жазба мұрағаттары қалай естілсе, солай жазылған күйінде бізге жетті. Сол кездегі қазақтардың сөйлеу әрекетін көз алдымызға елестетіп, сол кездегі сөздің дыбыс құрамын құлағымызбен тыңдап отырғандаймыз. Оның басты құндылығы осында.

**2. XX ғасыр басындағы зерттелімдер.** XX ғасыр басында қазақ тіл білімі қазақ топырағында қаз-қаз басып, қанатын қомдап, бірте-бірте ғылым айдынына шыға бастады. Бұл кезде қазақ фонетикасын зерттеуге ұлт өкілдері А.Байтұрсынов, Х.Досмағанбетов, Қ.Жұбанов кірісті.

Мұның көш басында қазақ халқының «рухани көсемі» қазақ тіл білімінің атасы, қазақтың ұлы перзенттерінің бірегейі А.Байтұрсынов тұрды. 1929-жылы 1 мамырда өз қолымен жазған өмірбаянында: «1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімді толықтырдым. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитінің және емлесін ретке салып жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақ жазба жұмысын бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің (жағымсыз) әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ прозасын (яғни іс-қағаз тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды, кітаби сипаттан арылатып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өндеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым», - деп жазды»<sup>2</sup>.

Ол бұл мақсаттың үдесінен шықты. Қазақ тіл білімінің терминдерін жасады, анықтама, түсінігін қалыптастырды, алғашқы оқулықтарды жазды. Араб графикасына негізделген қазақ жазуын жетілдірді.

---

<sup>1</sup> Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы. Арыс. 2009. 6-бет.

<sup>2</sup> Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1992. 16-бет.

А.Байтұрсынов 1912 жылы «Айқапқа» «Жазу тәртібі» дейтін мақала жазып, сол тұстағы оқудың жайына тоқталады; орысша, мұсылманша сауат ашуға көп уақыт кететінін, оның қиындықтарын айтады.

«Оқу құралының ең ұлығы-бала оқытатұғын кітап»<sup>1</sup>, оқу құралы «балалардың жанын қинамайтын» болу керек дейді. Ондай оқулық, жасау үшін алдымен жазу жөнделу керек, дыбыстар анықталып, «сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу керек», - дейді. Оның айтуынша, «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар», «оның бесеуі дауысты, екеуі (*й,у*) жарты дауысты, 17 дауыссыз. Мақалада осы дыбыстарды жазу үшін өзі ойлап тапқан таңбаларды тәптіштеп түсіндіреді. Мәселен, жарты дауысты *й, у* тек «дауысты дыбыстардың соңында айтылады»-дейді. Бұл, біздің білуімізше, Ахметтің тіл турасындағы, жазу жайындағы тұңғыш мақаласы.

Ахметтің тырнақ алды елеулі еңбегі осы 1912 жылы «Оқу құралы. Қазақша әліппе» деген атпен жарық көрді. Оралымсыз араб графикасын қазақ тіліне икемдеп, әр дыбысқа жеке таңба (әріп) берді, олардың сөздің әртүрлі деңгейінде (басында, ортасында, соңында) жазылуын аңғартатын мысалдар, текстер ұсынды, қолданылуындағы ерекшеліктерді ескертті. Арабтың бір ғана *у* әрпімен бес дыбысты бейнеледі. Олар: *о, ө, ұ, ү, у*. Сондай-ақ *и* әрпін үш дыбысқа (*ы, і, и*) пайдаланды.

Алайда сөз ішінде кездесетін қысаң дауыстыларды жазбау, сөздердің дыбыс, буын құрамын түмшалап, көп қиындық келтірді. Мысалы: *қи (қый), жйин (жиын), қйсқ (қыйсық), алтн (алтын), салқн (салқын), сзқ (сызық), алу (алұу), табу (табұу), сөнү (сөнүу), жүру (жүрүү)*.

Кітапта қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы деп 24 әріпті санамалайды да, оның 5-еуі дауысты, 17-сі дауыссыз деп көрсетеді. Жалпы санда бар *й, у* бөліс кезінде қалып қойған. Жазуда тоғыз дауыстыға да таңба берілген. Алайда олардың жіңішке сыңарларын (*е* ден басқаларын) санға қоспаған.

---

<sup>1</sup> Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1992. 380-бет

Сонымен әліппеде тоғыз дауысты мен 19 дауыссыз жеке-жеке таңбаға ие болған. Бұл «Оқу құралы» 1925 жылы 7 рет қайта басылды.

А.Байтұрсынов еңбектерінің әсіресе елеулісі - «Тіл-құрал» атты оқулықтары. «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл-қазақта бұрын болмаған жаңа зат, - деп жазды ол алғаш 1914 жылы жарық көрген кітабының алғы сөзінде.

Мұнда ол тұңғыш рет қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясын оқулық түрінде жүйелеп, түсіндірді; тілдік ұғымдарға тыңнан атаулар (терминдер) ойлап тапты, сынау, дағдыландыру деген атпен жаттығулар ұсынды.

Ол бірнеше сөйлемнен тұратын мақал, жыр жолдарын алады да, оларды сөйлеу деп атайды. Әрі қарай сөйлеу сөйлемнен, сөйлем сөзден, сөз буыннан, буын дыбыстардан тұратынын нақты мысалдармен көрсетеді.

«Дыбыс таңбасын харіп деп атаймыз...Дыбыс һәм харіп екеуі екі басқа», - дейді. Дыбыстардың санын, мақаласында анықтағандай, 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты деп алады. Дауыстыларды іштей жіктемейді. Ал дауыссыздарды қатаң, ұяң деп бөледі. Бірақ олар қазіргідей емес, араласып кеткен.

Кітапта жеке әріптердің сөз, қосымшалардың жазылу қағидаларына біраз орын берген. Қ, ғ, к, г дыбыстарын «тоң дыбыстар» деп атайды.

Осы күні дауысты болып жүрген у-дың негізі осында қаланған сияқты. Ол туралы Ахмет былай дейді: «у дыбысының алдында ы дыбысы келсе, у-мен тұтасып, у сияқты айтылады. Мәселен: оқы-оқу, тоқы-тоқу»<sup>1</sup>.

Алғаш фонетика, морфологияны біріктіріп сарф (грамматика) деп келіп, 1923 жылдан бастап, фонетиканы дыбыс жүйесі, синтаксисті сөйлем жүйесі деп алған.

А.Байтұрсыновтың тілдің дыбыс жүйесіне арналған қорытынды мақаласы 1928 жылы жарық көрді. Қорытынды болатыны, А.Байтұрсынов

---

<sup>1</sup> Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1992. 158-бет

еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші осы мақаламен аяқталады, бұдан әрі бас қайғы болып кеткенін түсіну қиын емес.

Мақала «Дыбыстарды жіктеу туралы» деп аталады. «Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек» (Сонда, 372-бет)-деп, акустикалық, артикуляциялық белгі-қасиеттерді басшылыққа алатынын аңғартады.

Дауыстыларды толық (*а, е, о, у, ы*) және шала (*р, ң, л, м, и, у, й*) деп екіге бөледі. «Толық» дауыстылары кең шығысты, тар шығысты болып, олар да екі айырылады», - дейді. Бірақ қайсысына қандай дыбыс жататыны айтылмайды, шамасы, ашық, қысанды мегзеп отырған сияқты.

Шала дауыстылар (қазір үнділер) ауыз шығысты (*р, л, у, й*), мұрын шығысты (*ң, м, и*) боп бөлінеді. Бұлар қазір ауыз жолды, мұрын жолды делінеді.

Шала дауыстыларды одан әрі босаң жолды (*р, у, й*), қысаң жолды (*л*), босаң бөгеулі (*ң*), қысаң бөгеулі (*н*), тұйық бөгеулі (*м*) деп айырады. Мұнда ауаның шығу жолын ескерген. Босаң, қысаң-қазіргі ызың, шұғыл.

Осылай «дауыссыздарды да қысаң (*п, т, с, ш, қ, к*), босаң (*б, ж, д, з, г, г*) жолды» деп екіге бөледі. Мұндағы қысаң, босаңы - қатаң, ұяң. Бұларды әрі қарай ашықтар (*с, ш, ж, з*), тұйықтар (*п, т, қ, б, д*) және тұйықтаулар (*г, г*) деп бөледі. Мұндағы ашық деп отырғаны - ызыңдар, ал тұйықтары - шұғылдар екені айқын. Ол тұйықтауларға жататын **ғ** мен **г**-нің ерекшеліктерін де дұрыс аңғарған.

Дауыстыларды аңғалы (*а, е, ы*) және қымқырулысы (*о, ұ*) деп бөледі. Оған себеп «аңғалдары орын таңдамайды», ал «қымқырындысы бас буыннан басқасында келмейді». Бұлай дегенде, ол оларды жазылуына қарап айтып отыр деуге болады.

Дыбыстарды осылайша қым-қуыт жіктегенде неге сүйенетінін де түсіндіре кетуді ұмытпайды.

Ахметтің айтуынша, дауыстылар мен дауыссыздардың шегін жалғаулар арқылы айыруға болады. Ал, «толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында да, соңында да келетін» болса, шала дауыстылар буын ішінде дауыссыздардан кейін тұра алмайтынын дұрыс аңғарған.

Оның айтуынша босаң *p, й, у* сөз басында келмейді, қысаң *л* келеді. Сондай-ақ қысаң *л* алдындағы дыбысқа әсер етеді (аздырады), ал тұйық *м* керісінше, әсер етпейді (аздырмайды). Осы соңғы қағида түсініксіздеу.

Дауыссыздар туралы да орынды ойлар айтқан. «Қысаңдармен босаңдарды біріне-бірі жуыспайды; екінші сөзбен айтқанда, бірі қысаң, бірі босаң болып екеуі қатарынан келмейді».

Біз ғой *алауакбар, сұхбат, шахбибі, шахзада, мазхаб* түрде жазып, солай айтуда өзге өң алуға тиіс.

Ахмет ұяң дауыссыздар туралы да жақсы ескерткен: *з, ж* «сөздің басында да, аяғында да келеді», *б, д* «сөз аяғында келмейді», *з, г* «сөз басында да, аяғында да келмейді».

А.Байтұрсынұлы тілді, оның жүйе-жүйесін жетік біліп қана қоймай, барынша бажайлап, байыппен баяндаған. Орыс тілін үздік біле тұрып, қазіргі халықаралық деп жүрген тіл терминдерін мүлде пайдаланбай, қазақтың өз сөзімен өзінше түсіндірді. Сөйтіп қазақ тілінде тіл терминдерін жасап, қалыптастырды. Оның жазу, емле, терминология жөніндегі пайымдаулары әлі де құнын жойған жоқ.

Мамандығы дәрігер бола тұрып, ғылымның түрлі саласында татымды еңбек еткен Досмұхаметов Халелді (1883-1939) тіл зерттеушісі ретінде бөлек-жара айту керек болады. Оның алғаш «Шолпан» журналында мақала түрінде жарияланып, 1924 жылы жеке кітап болып шыққан «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм»деп аталатын еңбегін қазақ тіл біліміндегі тұңғыш кең ауқымды ғылыми зерттеу деуге әбден болады. Мұнда қазақ тілінің дыбыс жүйесі, сингармонизм, оның ішінде тіл үндестігі егжей-тегжейлі айтылған. Әсіресе кірме сөздерді игерудің жөн-жосығы жақсы баяндалған. Ол: «қазақ

тілінің өзіне меншікті түпкі сөзінің қайсысын алсаң да, түбір сөз болсын, туынды сөз болсын, сөздердің ішіндегі көп өзгерістерден қай қалғаныңды алсаң да, бәрінің сингармонизм заңымен жүріп, осы заңды қолданылып, бұл заңнан титтей шетке кетпейтін көресің. Қазақ тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ», - дейді.

Халел айтатын сингармонизм – тіл үндестігі. Тіл үндестігін Халелше түсініп, Халелше пайымдаған абзал. Халел: «Жазба әдебиет жоқтық бізді сақтады» десе, қазіргі қазақ тілінде араб-парсы тілдерінен енген 150 шақты түбір сөз аралас буынды қалпын сақтап, айтуда да, жазуда ала-құлалық тудырып жүр. «Ел тілінің бұзылуына ең алдымен оқығандар себеп болады», - дегенді Халелге осындай жазу, айтқызған болу керек. Сол Халел орыс сөздері туралы айтқанда: «Оқығандар мұндай сөздерді нағыз орысшасынан бұлжытпай сөйледі, халыққа бұлжытпай сөйлетуге тырысты. Қара халық оған көнбеді, өзінше аударып сөйледі»<sup>1</sup> десе, Кеңес дәуірінде орыс сөздерінің мұрты бұзылмай айтылып, жазылғаны және әлі күнге қолдауын тауып келе жатқаны мәлім. Бұл әрине тілге қиянат.

XX ғасырдың бас кезінде А.Байтұрсынов, Х.Досмағанбетовтармен қазақ тіл білімінің қалыптасуына үлес қосқан ғалым Қ.Жұбанов болды. Қ.Жұбанов негізінен тіл білімінің маманы бола тұрып, халқымыздың арғы-бергі тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, өнерін, сонымен қатар Орта Азия халықтары мен Шығыс, Батыс елдерінің мәдениеті, әдебиет, өнер тарихын терең білген ғұлама ғалым.

Оқыған сайын алдында аңғармай кеткен жаңа бір нәрсе табылып отыратын және алдын болжап қойғандай қағидалары ескірмейтін ғылыми еңбектер болады. Біздіңше, Қ.Жұбановтың фонетикалық мұрасы осындай еңбектердің қатарына жатады. Оның үстіне ғалым еңбектері қазақ тіл білімінің, оның ішінде фонетика саласының ғылыми бастамасы болғанын ескерсек ғалым өмір сүрген дәуірге деген, сол дәуірде қалыптасқан ғалым дәстүріне деген ілтипатымыз ерекше болу

---

<sup>1</sup> Досмағанбетұлы Х. Аламан. Алматы. 1992. 84-89 беттер.

керек. Өйткені қазіргі қол жеткен фонетикалық табыстарымыздың арғы ізін қуа берсек Қ.Жұбанов өсіп- есейген дәуірге барып тіреліп жатады.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін түгел қамтып, оның жан-жақты ғылыми сипаттамасын берген ғалым қазақ тілінің фонетикасын пән ретінде қалыптастырған санаулы қайраткерлерінің бірі болды. Ғалым жазған «қазақ тілі грамматикасының арнаулы фонетика бөлімі - бұл сөзімізге дәлел. Онда дыбыс, дыбыстың саны мен сапасы, дауысты-дауыссыздар, олардың артикуляциясы мен акустикасы, дыбыстау аппараты, буын, сингорманизм, екпін түгел сөз болады. Сөйтіп, фонетика бөлімі бас-аяғы бүтін жүйелі тарауға айналған.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесінде алғаш көтерген - проф. Қ.Жұбанов. Ол қазақ тілін зерттеу жұмысын «ғылым дәрежесіне шығару» тіл мамандарының міндеті екенін отызыншы жылдардың басында-ақ ескерткен еді. «Фонетика ғылымы адамнан шығатын дыбыстың барлық түрі зерттеу объектісі болмай, тек қана адамдардың қарым-қатынастық мұқтажын атқаруға жарайтын арнаулы мағынамен байланысты тіл дыбыстарының сырын зерттейді»<sup>1</sup>, -деп жазуы ғылыми фонетика мен оның объектісін жазбай танығандығын көрсетеді. Мұны баса айтып отырған себебіміз - ол кезде фонетиканың жалпы ғылымдағы орны ғылыми қауымның өзіне де жете түсініксіз еді, зерттеу объектісінің басын шатастырып жүргендер де аз болған жоқ.

Сонымен, проф. Қ.Жұбанов ұсынған ғылыми зерттеу қазақ тілінің дыбыс құрылысын фонологиялық тұрғыдан зерттеудің басы болды.

50-60 жылдары дихотомиялық фонологияның өріс алып, зерттеу әдісі ретінде дыбыс белгілерін жұптап талдау ұсынылған болатын. Енді проф. Жұбанов еңбектерінен осы зерттеу әдісінің сол кезде-ақ кеңнен қолданылғанын көріп отырмыз. Мысалы, дауыссыз дыбыстарды үнді-үнсіз, үздікті-үздіксіз, жабысыңқы-жуысыңқы, сыбыр-сыбыс деп жіктеуді ғалым тәптіштеп қолданған болатын. Мұның өзі қазақ тілі дыбыстарының өте орнықты жүйесі бар екенін

---

<sup>1</sup> Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы Ғылым. 1988. 9-бет.

аңғартады. Қазақ тілі дыбыстарының буын ішінде үндесіп барып сөз құрайтынын аңғарған ғалым «қазақ тілі-буыншыл тіл» деп соны жаңалық айтқан. Қазақ сөзін сөз етіп тұрған сингорманизм құбылысы екенін, ал сингорманизмнің иек артар тілдік бөлшегі буын екенін ескерсе, Қ.Жұбановтың қаншалықты көрегендік танытқанын көреміз. Алайда ғалымның бұл бірегей қорытындысын әрі қарай ешкім қолдап, дамытып алып кетпеді.

Жалпы буын теориясы- фонетикада ең күрделі мәселелердің бірі. Осы күнге дейін буынның акустика-артикуляциялық табиғаты ашылып, тілдегі нұсқасы айқындалып, буын мен буынның ара-жігін ажыратудың жолдары табылған жоқ. Осы жайларды ескерсек проф. Қ.Жұбановтың «сөздің әрбір дыбысы өз алдына дыбысталып, бірінен бірінің іргесі бөлек бола тұрса да, жеке дыбыс жеке бөліп айтуға келе бермейді» деген тұжырымы қазіргі буын теориясы мен іспеттес.

Жалпы проф. Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі буын категориясының түр-тұлғасы ғана бір жақты қарамай, оның лингвистикалық қызметіне, яғни оған фонологиялық сипаттама берумен бастағаннан көреміз. Дыбыстың жеке басын алып емес, оны алып қарау - қазақ тілі фонологиясының өзіндік сөлін тап басқан зерттеушінің қолынан келетін жай. Олай дейтін себебіміз, мысалы, *о* мен *ө*, *ы* мен *і* дауыстыларын бір дыбыс деп қараған фонологиялық қағиданы қазіргі көп қазақ фонетикасының қайсысынан таба аласыз? Ал Қ.Жұбанов болса, «*ор* деген сөз бен *өр* деген сөздің екеуінің дыбыстары бірдей» деп сол кездің өзінде-ақ жазған. қазіргі фонологияның жетістіктері тұрғысынан қарағанда, шындығында да, ғалым айтқандай, қазақ тілінде бір дыбыстың жеке басы бөлініп шығып жуан да, жіңішке де бола алмайды, қазақ тілінде жуан, жіңішке болатын жеке дыбыс емес, буын. Сондықтан бір дыбыстан екінші дыбыстың басқа түрлі айырмасы болмай-ақ, тек бірі жуан, бірі - жіңішке болуына қарай, бір сөз екінші сөзден айрылады. Осының нәтижесінде дауыстының да, дауыссыздың да жуан-жіңішке түрлері екі дыбысқа татиды.

Ахмет Байтұрсынов та, Халел Досмағанбетов та, Құдайберген Жұбанов та тілдің сырын оқулықтан емес, бесіктен біліп, есіктен игерген жандар. Көбесі сөгілмеген, жазудан теперіш көрмеген, бұла тілді білгісі келгендерге бұлардың айтары көп.

Екінші дәуірге тән жетістіктер деп, қазақ сөзінің жуан/жіңішке үндесім әуезінің нақты анықталғандығын, қазақ тілінің төл дыбыс құрамының тиянақталғандығын, морфем және буын түрлерінің сипаттамасын, үндесім жазудың қалыптасқандығын айтуға болады.

Екінші дәуір зерттеушілерінің зерттеу әдісі ана тілінің дыбыс жүйесін көкірек көзімен түйсіну болғандықтан, қазақ фонетикасының екінші зерттелім дәуірін ғалым Ә.Жүнісбеков *төл зерттелім (интуитивная фонетика) дәуірі* деп атайды<sup>1</sup>. Бұл дәуірде нағыз мағынасындағы қазақы фонетика ғылыми бастау алды. Оны басты құндылығы осында.

**3. XX ғасырдың екінші жартысындағы зерттелімдер.** Қазақ фонетикасын зерттеудің үшінші дәуірі XX ғасырдың 50-70-ші жылдары болды. Бұл кезде қаза тіл танымында академиялық тұрғыдағы толық фонетика қалыптасып болды. Өйткені ғылымда еуропалық тіл (фонетика) теориясының жаппай тарап және зерттеушілердің батыс тілтанымынан (лингвистикасынан) мол хабардар болған кезі еді. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс жүйесінің зерттеу әдісі ретінде «еуропа-өзімшіл» (европацентризм)<sup>2</sup> талданым амалы кеңінен қолданыла бастады. Зерттеушілер І.Кеңесбаев, Ж.Аралбаев, Щварцман, Талипов, Түркменбаев қазақ тілінің дыбыс құрамын үнді-европа тілдерінің фонем жүйесіне салып, қазақ фонетикасына фонема ұғымын ендіріп, атауын орнықтырды. Оның үстіне сөз просодикасына қатысты сөздік екпін енгізілді, ал қазақ тілінің іргелі заңдылығы болып табылатын фонологиялық үндесім құбылысы (үндестік заңы) көп фонетикалық құбылыстардың бірі ретінде қарастырылды. Қазақ тілі дыбыстарын фонема дәрежесінде қарастырудың

<sup>1</sup> Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы. Арыс. 2009. 7-бет.

<sup>2</sup> Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы. Арыс. 2009. 7-бет.

нәтижесінде қазақтың төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің *и,у,я,ю,щ* таңбалары енгізілді. Мұның өзі қазақ тілінің морфем, буын және тасымал жүйесін бұзып кетті. «Орыс сөздері қалай айтылса, солай айтып, қалай жазылса, солай жазу керек» деген тоталитарлық (әкімшіл-әміршіл) емлереже алынды. Соның нәтижесінде қазақтың төл әліпби құрамына оннан аса кірме әріптер (дыбыстар) енгізіліп, қазақ әліпбиі екі тілдің – қазақ-орыс (тіптен, орыс-қазақ) әліпбиі болып шыға келді. Кірме әріптердің жазылымын реттейтін отыздан аса жаңа ереже орынсыз қосылды. Үшінші дәуірге тән жетістік деп, әлемдік тілтаным ұстанымдарымен таныс болып, қазақ фонетикасының құрылымын біршама қамтыған алғашқы «академиялық фонетиканың» қалыптасқанын айтамыз.

Ал қазақ тілінің дыбыс жүйесін түгелдей фонема мен сөздік екпінге теліп қарастырғанын, соның нәтижесінде қазақ тілінің морфем, буын және тасымал желісіне, ең бастысы, қазақ сөзінің айтылым әуезіне нұқсан келгенін көруге болады.

Үшінші дәуір зерттеушілерінің қолданған ғылыми әдісі фонемалық талдау болғандықтан, қазақ фонетикасының үшінші зерттелім дәуірін *екпін-фонемалық зерттелім (акцентнофонемная фонетика) дәуірі*<sup>1</sup> деп атайды. Өйткені негізгі зерттеу әдісі ретінде екпін мен фонемалық талдау алынған еді.

**4. XX ғасырдың соңғы ширегі мен XXI ғасырдың басындағы зерттелімдер.** Қазақ фонетикасын зерттеудің төртінші дәуірі XX ғасырдың 70-90-жылдары мен XXI ғасырдың басы болып есептеледі. Бұл кезде ғасыр басындағы қазақ зерделілерінің жабық еңбектерінің беті ашылып, көпшілік оқырман қолына тиіп, олардан зерттеушілердің жаңа тобы Ә.Жүнісбеков, С.Мырзабеков, Б.Қалиев, М.Жүсіпов, А.Жұбанов, Н.Уәлиев т.б. пайда болды. Олардың екінші бір тобы Исаев, Әбуов, Базарбаева, Қошқаров, Тайлақбаев, Райымбекова, Татубаев Ресейдің белгілі ғылыми орталықтарына барып,

---

<sup>1</sup> Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы. Арыс. 2009. 8-бет.

кәсіби-тәлімгерлік тәрбиеден өтіп, жаңа зерттеу әдістерін меңгеріп жатты. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы мен оның жүйесіне деген жаңа көзқарас қалыптасты, жаңа нәтижелермен толықты.

Қазақ фонетикасының әртүрлі бағыттары бойынша зерттеу жұмыстарына зерттеушілердің жас ұрпағы жалғастырды. Мәселен, үндесім фонетика саласына – Нәзбиев, Сәдуақас, Өтебаева, Талдыбаева, Асанова, үйлесім фонетика саласына – Бәйімбетова, Баймұқанов, Исаева, Қайдарова, Молдашева, Оразалин, тарихи фонетика саласына - Әлімбаев, Жұмабаева, салыстырмалы фонетика саласына – Аңдабаевалардың еңбектеріне атауға болады.

Ең бастысы, қазақ тілінің іргелі заңдылығы, үндесім (сингорманизм) құбылысы, зерттеу амалының негізіне айналды. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі екпін мен фонемаға деген көзқарас өзгерді, үндесімнің жуан/жіңішке әуезі мен еріндік/езулік әуезі фонологиялық мәртебесі тең бірліктер ретінде қарастырылды. Қазақ тілі дыбыстарының әліпби құрамының сыртында олардың үндесім және үйлесім құрамы анықталды. ***Жасалым (артикуляциялық) фонетикаға*** зерттелімнің негізі ретінде көңіл бөлінді.

Қазақ тіліндегі кірме әріптердің дыбыс құрамының басы ашылып, айтылымы (орфоэпиясы) тиянақталды.

Үшінші дәуірге тән жетістік деп, фонетикалық мұраларды пысықтап, жетістіктерін жинақтап-жетілдіріп, жаңа зерттелім нәтижелерін қосып, қазақ тілінің өзіндік бірегей белгілерін бағамдайтын жаңа тұрпаттағы академиялық фонетика дайындағанын және болашақта оны толықтыра түсетін жаңа зерттелім нәтижелерінің үздіксіз жалғасын айтуға болады. Төртінші дәуір зерттеушілерінің ұстанымы үндесім (сингорманизм) заңдылығы болды, сондықтан бұл дәуірді **үндесім зерттелім (сингорманическая фонетика) дәуірі** деп атауға болады.

## Қазақ фонетикасы зерттелімінің төрт дәуірінің даму желісі

дәуірлер	зерттеушілер	әдістері	ұстанымы (принципі)	ерекшеліктері	болашағы
I дәуір	өзге ұлт өкілдері	Естілім тыңдалым	Үндесім (сингорманизм)	Дыбыс құрамы дұрыс анықталған, сөз айтылымын сақтаған	Тілдік материал болады. Теориялық тірек болады
II дәуір	Ұлт зерттеушілері	Жасалым естілім	үндесім	Дыбыс құрамы дұрыс анықталған, жуан, жіңішке үндесім әуезі сақталған	Үндесім зерттеулер әрі қарай сақталады
III дәуір	Аралас зерттеушілер	Екпін-фонемдік	Еуропаөзім шілдік	Дыбыс құрамы кірме дыбыстармен, ал әліпби құрамы кірме әріптермен толықтырылған, екпін мен фонема сақталған	Болашағы жоқ
I V дәуір	Ұлт зерттеушілері	Үндесім талданым	үндесім	Төл дыбыстар сараланған, үндесімнің төрт әуезі ескерілген, үндесім, үйлесім дыбыстар құрамы анықталған, екпін мен фонема шығарылып тасталған.	

## 2. Қарақалпақ фонетикасының зерттелу тарихы

Қарақалпақ тілін басқа түркі тілдерімен салыстырғанда қарақалпақ тілі кешірек зерттеле бастағаны белгілі. 1930-жылдарға дейінгі дәуірлерде қарақалпақ тілінің зерттелуі туралы ең алғашқы мәліметті С.Е.Малов және Е.Д.Поливановтардың еңбектерінен көреміз. Олар 1930-жылдары Қарақалпақстанда болып, қарақалпақтардың ауызекі сөйлеу тілінен жинаған материалдары негізінде жазылған еңбектерінен қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеуге ерекше назар аударғанын көруге болады.

Е.Д.Поливановтың айтуы бойынша қарақалпақ тілінің дауыссыз дыбыстар жүйесі қазақ тіліне салыстырғанда бір фонемаға артық. Қарақалпақ тіліндегі *χ* фонемасы қазақ тілінде жоқ деп көрсеткен<sup>1</sup>. Дауыстылар туралы Е.Д.Поливанов екі нәрсеге көңіл бөледі: 1) сөздің басындағы *е, о, ө* дауыстыларының дифтонг болуы барынша күшті деп есептеп, олар артикуляция-акустикалық жақтан сөздің басында емес, ал ортасында немесе соңында жұмсалатын екі фонеманың *йе, ўо, ўө* тіркесуінен құралған. 2) қысың дауыстылар болған *у, ү, ы, і* тілдің тік жағдайы бойынша ашық болуға, тілдің жазық жағдайы бойынша тіл арты болуға бейім екеніне назар аударады<sup>2</sup>. Кейін ғалым Е.Д.Поливановтың дауыстылар туралы айтқан пікірлері эксперименталь мәліметтермен дәлелденген. Қарақалпақстанда ғылыми экспедицияда болып қарақалпақ тілін зерттеген С.Е.Маловтың 1966-жылы шыққан «Заметки о каракалпакском языке» деп аталатын еңбегінде қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесіне ерекше назар аударады. С.Е.Маловтың бұл еңбегі үш бөлімнен тұрады. Автор қарақалпақ тілінің дауысты және дауыссыз фонемаларына сипаттама бере отырып, олардың классификациясын кесте арқылы берген. Созыңқы дауыстылар мен дифтонгтар мәселесін шешуге әрекет еткен. Дыбыстардың алмасуының заңдылықтарын мысалдар арқылы дәлелдеген.

<sup>1</sup> Дәулетов А. Хәзирги қарақалпақ әдебий тилинің дүзилиси. Нөкис. Билим. 1995. 24-25 бетлер.

<sup>2</sup> Поливанов Е.Д. Некоторые фонетические особенности каракалпакского языка. Сб. Труды Хорезмской экспедиции. Ташкент. 1933.

Ол *й* және *ж* дыбысының алмасуын тарихи құбылыс деп есептеген. Сондай-ақ еріндік сингорманизм мәселесін жан-жақты қарастырған. С.Е.Маловтың қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесі туралы айтқан пікірлерінің көпшілігі кейінгі дәуірде жүргізілген эксперименталь зерттеулер шындыққа сай екендігін дәлелдеді.

XX ғасырдың 50-жылдарына келіп қарақалпақ тілінің дыбыс құрамын зерттеуші жергілікті зерттеушілер шыға бастады. Ж.Аралбаев біріншілерден болып «Қазіргі қарақалпақ тілінің фонетикалық жүйесі» деген тақырыпта Алматы қаласында 1949 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Оның бір қатар мақалалары баспасөзде жарияланды<sup>1</sup>. Бұл еңбектерде қарақалпақ тілінің дауысты және дауыссыз фонемаларының құрамы, олардың классификациясы көрсетіліп, фонемаларға артикуляциялық сипаттама берген. Ж.Аралбаев қарақалпақ тілінде тоғыз дауысты – монофтонг, екі дауысты – дифтонг бар дейді.

1950-жылдарда Н.А.Баскаков екі томдық «Қарақалпақский язык» кітабының жариялануы қарақалпақ тіл білімінің даму жолындағы елеулі тарихи оқиға болды. Оның екінші томы фонетика және морфология тарауларына арналған. Фонетика тарауларында (23-144-беттер) өзінің «Краткая грамматика каракалпакского языка» (Төрткүл, 1931-1932) еңбегінде жазған зерттеулерін бұл еңбекте тереңірек баяндаған. Дауысты және дауыссыз фонемаларға ерекше тоқтап, олардың даму кезеңдерін, классификациясын көрсеткен. Басқа тілдерден енген фонемаларға сипаттама берген. Қарақалпақ тілінде 11 дауысты фонема бар деп есептейді. Ал дауыссыздардың фонемалы құрамы әдеби тілде 27, ал халықтың ауызекі сөйлеу тілінде 20 деп көрсеткен. Н.А.Баскаковтың айтқан кейбір пікірлері бүгінгі күнде дәлелденіп, қарақалпақ тіл білімінде кең қолданылып жатыр.

---

<sup>1</sup> Аралбаев Ж. К вопросу о каракалпакской акцентологии. Вестник АН Каз ССР, серия филология и искусствоведения. Алма-Ата, 1957, №3, 100-104 беттер. Қарақалпақ тілінің дауысты фонемалары. –Известия АН Каз ССР филология и искусствоведения. Алма- Ата, вып. 1-26 (8-9), 147-157 беттер.

Қарақалпақ тілі фонетикасының зерттелуі К.Убайдуллаев атымен тікелей байланысты. Ғалым қарақалпақ тілінде 9 дауысты фонема бар деп есептейді. Орыс тілінен кірген сөздерде жұмсалатын **и,у** фонемаларын байырғы сөздерде жұмсалатын **и,у** фонемаларының реңктері деп көрсетеді. Дауысты фонемалар жасалу орнына қарай тіл алды және тіл арты дауыстылары, еріннің қатынасына қарай еріндік және езулік, жасалуына қарай ашық және қысаң дауыстылар деп бөледі.

1967-жылы Б.Қалиев «Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі қысаң дауыстылардың редукциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ол эксперименттік әдіс негізінде қарақалпақ тіліндегі қысаң дауыстылардың қысқаруы және түсіп қалуына себепші болатын фонетикалық жағдайлар көрсетілген.

1971-жылы А.Даулетов «Хәзирги қарақалпақ тилинің вокализми» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. А.Даулетов еңбектерінде дауысты фонемалардың құрамы анықталған, оларға акустика-артикуляциялық сипаттама берген.

1972-жылы Р.Бекназарова «Хәзирги қарақалпақ әдебий тилинің консонантизми» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Диссертацияда дауыссыз фонемалардың құрамы, акустика-артикуляциялық өзгешеліктері, жұмсалу орны эксперименттік әдіс негізінде дәлелденген. Қарақалпақ тіліндегі дауыссыздардың созыңқылығы орыс, украин тілдеріндегі дауыссыздармен салыстырылған.

## II. Қазақ және қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесі туралы

### 1. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамы

Түркі тілдерінің ішінде қарақалпақ, қазақ және ноғай тілдері қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай бөліміне кіреді. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі дыбыстар бір-біріне өте жақын. Дегенмен қазақ тілінің дыбыс жүйесі қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесінен ондағы бірліктердің саны жағынан да, сапасы жағынан да бір-бірінен айрылып тұрады. Екі тілдегі дыбыстардың фонемалық қасиеттерінде, сөздерде жұмсалуда да айырмашылықтар байқалады.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінің дыбыс жүйесінде акустикалық, артикуляциялық және басқа белгі – қасиеттеріне қарай тіл дыбыстары алдымен дауыстылар және дауыссыздар деп екі үлкен топқа топтастырылады. Бұлардың әрқайсысына тән негізгі айырым – белгі, ерекшеліктер мынадай болып келеді.

1. Дауыстылар дауыстан (тоннан) жасалады да, салдырдың қатысы елеусіз болады. Ал дауыссыздар, керісінше, салдырдан жасалады. Тон қатысуы да, қатыспау да мүмкін.

2. Дауыстыларды айтқан кезде ауа кедергісіз, қарқынсыз шығады да, дыбыстау мүшелерінің барлығы дерлік қатысады. Мәселен, *a* дегенде дауыс шымылдығы дірілдейді, тіл артқа тартылады, жақ (ауыз) кең ашылып, ерін екі жаққа қарай керіліп, (езулік болып) айтылады. Ал дауыссыздарды айтқанда, ауа кедергіге ұшырап, қарқынды шығады да, бірер ғана дыбыстау мүшелері қатысады. Мәселен, *n* дыбысын айтқанда, екі ерін қозғалысқа түседі.

3. Дауыстылар буын құрайды, дауыссыздар құрамайды. Мұның өзі – дыбыстарды жіктеудегі басты айырым белгі.

4. Дауыстылар дауыстап, созып айтуға келеді. Ән дауыстылардың осы қасиетіне негізделеді.

5. Дауыстылардың дауыссыздарға ықпалы күшті болады.

Қазақ әдеби тілінде академик І.Кеңесбаев он бір дауысты фонема бар, оның тоғызы - монофтонг фонемалар (*a, ə, e, o, ɵ, ʏ, y, i*), қалған екеуі - дифтонг (*u, y*) фонемалар деп көрсетеді<sup>1</sup>. Ғалым Ж.Аралбаев қазақ әдеби тілінде он бір дауысты фонема бар деп І.Кеңесбаевтың пікірін қолдап-қуаттайды<sup>2</sup>. Осы күнде белгілі фонетист ғалым Ә.Жүнісбеков қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды 1960-жылдардың орта тұсынан бастап зерттеу үстінде, 1969-жылы кандидаттық, 1988-жылы докторлық диссертация □ор□ады бірнеше монографияның авторы. Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар жөніндегі қорытынды тұжырымы 1991-жылы жарық көрген «Строй казахского языка. Фонетика» атты еңбегінде айтылған. Ғалым 30 жылдан бері қазақ тілінде тоғыз дауысты фонема (*a, ə, e, o, ɵ, ʏ, y, i*)<sup>3</sup> бар деп ғылыми тұрғыдан дәлелдесе де, кейінгі кезде алты (*a, ə, ы, ʏ, i, y*) дауысты фонема бар деп көрсетіп жүр<sup>4</sup>. Ал ол «Қазақ фонетикасы» атты соңғы шыққан еңбегінде қазақ тілінде дауыстылардың құрамы 9 сингема (фонема) (*a, ə, ы, u, ʏ, y, o, ɵ, e*) болып, олар үш сингемаға (фонемаға) бірігеді; (*a - a, ə; ы - ы, u, ʏ, y; o - o, ɵ, e*). Ал қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары туралы «қазақ тілінің консонантизмдер жүйесі 17 сингорматиптен немесе 66 сингормодауыссыздан құралады» дейді (*б, д, з, ж, з, й, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ʏ, ш*)<sup>5</sup>.

С.Мырзабеков «қазақ тілінің байырғы сөздерінің құрамында тоғыз (*a, ə, e, o, ɵ, ʏ, y, i*) дауысты фонема бар. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл қырқыншы жылдарға дейінгі тіліміздің дыбыс жүйесіне сәйкес келеді. Дегенмен қазіргі қалпын таныта алмайды. Қазіргі қазақ тіліндегі дауыстылар туралы айтқанда, осы тоғыз дауысты фонемамен шектелуге болмайды»<sup>6</sup>. Ол да он бір дауысты фонема бар деген пікірмен келіседі.

<sup>1</sup> Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексика. -Алма-Ата: Ғылым. 1962, 233-бет.

<sup>2</sup> Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. -Алма-Ата: Ғылым. 1988, 38-бет.

<sup>3</sup> Джунисбеков А. Гласные казахского языка. Автореферат. дисс. канд. филолг. наук. -Алма-Ата. 1969, 8-бет.

<sup>4</sup> Джунисбеков А. Сингорманизм в казахском языке. -Алма-Ата. 1980, 17-21-беттер.

<sup>5</sup> Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы: Арыс. 2009, 48-бет.

<sup>6</sup> Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. -Алматы: Сөздік-Словарь. 1999, 37-бет.

Ә.Жүнісбековтың қазақ тілінде алты дауысты фонема бар деген пікіріне қосылу қиын. Себебі, қазақ тілінің байырғы сөздерінде тоғыз дауысты фонема бар екендігі көпшілік ғалымдар тарапынан, соның ішінде Ә.Жүнісбековтың өзі тарапынан де 9 сингема (фонема) бар екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген еді.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін тыңғылықты зерттеп жүрген ғалым Ә.Жүнісбековтың **сингема** туралы пікіріне тоқталатын болсақ, тілімізде қолданылып жүрген **фонема** терминінің түркі тілдерінің табиғатына аса үйлесімді еместігін түркологтардың ішінде алғаш аңғарған. Ол үндіевропа тілдеріндегі **фонема** терминіне оңтүстік-шығыс тілдерінде **тонема** сәйкес келетінін, ал құрылым жүйесі бұлардан мүлдем бөлек түркі тілдерінде бұған **сингармема** немесе **сингема (синема)** деген атаудың лайықты болатынын дәлелдеді. Мұның өзі біздің тіліміздегі ең күшті заң – сингармонизмнен туындайды деп көрсетеді.

Сингармонизм – қазақша үндестік. Олай болса, фонеманы **сингармема, синема** деп алғаннан гөрі қазақша **үндеспе** деп алсақ дұрыс сияқты. Үндіевропа тілдерінің құрылымдық жүйесі қанша алшақ болса, фонемадан үндеспе де соншалықты алшақ. Алдағы уақытта оқулықтардан **сингармема** немесе **үндеспе** сөзін оқысақ, фонема түсінуіміз керек.

Қарақалпақ тілінің дауысты дыбыстарының фонемалық құрамы туралы ғылыми әдебиеттерде негізінен екі түрлі көзқарасты кездестіреміз: біріншісі, дауыстылардың фонемалық құрамы тоғыз бірліктен – *а, ы, о, у, ә, и, ө, ү, е* дауыстыларынан тұрады деушілер; екіншісі бұл тоғыз монофтонгтарға екі дифтонг дауыстыларды (жуан және жіңішке варианттағы *ии, уу* дифтонгтарын) айрықша фонема деп есептеп, тілде он бір фонема бар деушілер.

Қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеуге арналған еңбектерде<sup>1</sup> дауыстылар тоғыз фонемадан тұрады десе, Н.А.Баскаковтың «Қарақалпақский язык»<sup>2</sup> атты еңбегінде ол орыс тілінен енген сөздерде қолданылатын *и, у* фонемалары айрықша созылыңқы дауысты фонемалар деп есептейді. Сондай-ақ бұл еңбегінде дауыстылардың санын жоғарыда көрсетілген тоғыз фонемаға орыс тілінен енген сөздерде қолданылатын *и, у* дауыстыларын қосып, он бір дауысты фонема бар деп көрсетеді. Қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесін ең алғашқы зерттеушілердің бірі ғалым Ж.Аралбаев қарақалпақ тілінде тоғыз монофтонгқа қосымша екі дифтонг-фонемаларды көрсетеді: ол *а, ы, о, у, ұ, і, и, е, ө, ә, ү* он бір дауысты фонема бар екенін жазды<sup>3</sup>. Ж.Аралбаев өзінің еңбектерінде<sup>4</sup> қарақалпақ тілінің дауысты және дауыссыздарының фонемалық құрамын анықтады және олардың классификациясын жасады, оларға артикуляциялық сипаттама берді.

Ж.Аралбаев тарапынан қарақалпақ тілінің дауысты және дауыссыздарына берілген сипаттамалары кейбір анықтауларды талап етеді. Қарақалпақ тіліндегі *ый, ий* дифтонгтарын бір дауысты фонеманың (монофонеманың) жуан, жіңішке реңктері, ал *уў, үў* басқа бір дауысты фонеманың (монофонеманың) жуан, жіңішке реңктері деп есептеуі, дұрыстыққа сәйкес келмейді. Ж.Аралбаевтың келтіріп өткен төмендегі тілдік факттері оның өзінің пікірін дәлелдемей, керісінше олардың әрбірінің екі фонеманың тіркесі екендігін көрсетіп тұрады. Біріншіден, ғалымның көрсетуінше *ый, ий* артикуляциялық жақтан қосынды дыбыс болып, олардың бірінші сыңары жууан *ы* немесе жіңішке *и*, ал екінші сыңары сонант *й*;

<sup>1</sup> Малов С.Е. Заметки о каракалпакском языке. -Нукус: 1966; Поливанов Е.Д. Некоторые фонетические особенности каракалпакского языка. Сб. Труды Хорезмской экспедиции. Ташкент: 1933; Дәулетов А. Қазіргі қарақалпақ тили. Фонетика. -Нөкіс: 2005.

<sup>2</sup> Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. т.ІІ. (части речи и словообразования) –М: 1952.

<sup>3</sup> Аралбаев Ж. Қарақалпақ тілінің дауысты фонемалары. Журнал. Известия АНКазССР, серия филология и искусствоведения. Вып 1-2. -Алма-Ата: 1959, 147-бет.

<sup>4</sup> Аралбаев Ж. Қазіргі қарақалпақ тілінің фонетикалық системасы. Канд. дисс. автореф. -Алма-Ата: 1949; К вопросу о каракалпакской акцентуации. Журнал «Вестник» Ученые записки КазГУ, Вып №3, - Алма-Ата: 1958; В фонологии каракалпакского вокализма. Журнал «Вестник» АНКазССР, №3, 1965.

сондай-ақ уў, уў дифтонгтарының бірінші сыңары жуан у немесе жіңішке у, ал екінші сыңары сонант ў болып саналады. Екіншіден, *ий, уў* дифтонгтарының әрбірін айрықша бір фонема (монофонема) деуге қарақалпақ тіліндегі қосымшалардың түбірге жалғану заңдылығы жол бермейді: *ий, уў* дифтонгтарынан соң жалғанатын қосымша дауыстылардан кейін жалғанатын қосымшаларға ұқсамайды, ал дауыссыздардан кейін жалғанатын қосымшаларға ұқсайды. Бұл дифтонгтардан соң жалғанатын қосымша дауыстылардан басталады (*кий-кий+им, суў+ым*). Бұл жағдай *ий, уў* дифтонгтарының бір фонема (монофонема) емес, ал олардың әрқайсысы екі бірліктен, фонеманың тіркесінен тұратынын, біріншісінің дауысты (*и* немесе *у*), ал екіншісінің дауыссыз (*й* ямаса *ў*) болатынын көрсетеді. Үшіншіден, аталған дифтонгтардың жуан немесе жіңішке екендігі, олардың алғашқы сыңарының жуан немесе жіңішкелігі мағына айырушылық (фонематикалық) қасиетке ие болады (*тый-тий, туў-түў*). Жоғарыда келтірілген факттер *ый, ий, уў, үў* дифтонгтарының әрбірінің, Ж.Аралбаев айтқандай, *ый* хәм *ий* дифтонгтары *ии* фонемасының (монофонеманың) жуан және жіңішке реңктері, *уў* және *үў* дифтонгтары *уу* фонемасының (монофонеманың) жуан және жіңішке реңктері болады деген пікірге бүтіндей қарсы келеді.

Ғалым Н.А.Баскаковтың кірме сөздерде жұмсалатын *и, у* фонемаларын өз алдына айрықша жаңа фонемалар деген пікіріне қосылу қиын. Кірме сөздердегі *и, у* дауыстыларын байырғы сөздердегі *ий, уў* дифтонгтарымен артикуляциялық жақындығын есепке алып, солармен теңдестіріп қарау мүмкін деген<sup>1</sup> пікіріне қосыламыз.

Көпшілік ғылыми әдебиеттерде және арнаулы зерттеулерде көрсетілуінше қарақалпақ әдеби тілінде тоғыз дауысты фонема ***а,ы,ә,і,е,о,ө,ұ,ү*** (***а,і',ә',і,е,о,о',и,и'***) болып, олар айрықша фонемалар ретінде

---

<sup>1</sup> Дәулетов А. Хәзирги қарақалпақ тили. Фонетика. -Нөкис: Билим. 1999, 63-бет.

жұмсалады<sup>1</sup>. Қарақалпақ тілінде дауыстылардың созыңқылығы фонемалық қызмет атқармайды.

Қарақалпақ тіліндегі дифтонгтардың әрбірінің соның ішінде ый [i'y], ій [iy], ұу [uw], үу [u'w] және сөздің басында келетін е [ye], о [wo], ө [wo'] ашық дифтонгтарының фонологиялық жақтан екі фонеманың тізбегінен тұратыны эксперименттік әдіс негізінде дәлелденген. Сондықтан қарақалпақ тілінде 2009-жылғы өзгертірілген емле ережелері бойынша сөздің басында е,о,ө фонемалары ашық дифтонг сипатында [ye], [wo], [wo'] түрінде жазылады.

Дауысты фонемалар түрлі фонетикалық жағдайларда кездесуі жағынан, сондай-ақ қарақалпақ тіліндегі сингорманизм заңына сәйкес қатаң шектелген дистрибутив қасиетке ие. Олар тілдің тік және жазық жағдайлары бойынша, еріннің қатынасы бойынша айрықша фонема сипатында өзара қарама-қарсы қойылады.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі дауысты фонемаларды классификациялағанда тілдің жазық (горизанталь) және тік (вертикаль) жағдайы бойынша, еріннің қатынасы жағынан дауыстыларда айтарлықтай өзгешелік жоқ. Өзгешелік тек дауыстылардың әліпбесінде ғана (у-ұ, и-і) ұшырасады.

#### Тілдің жазық (горизанталь) жағдайы бойынша

қарақалпақ тілінде					қазақ тілінде			
жуан	<i>a</i>	<i>o</i>	<i>ы</i>	<i>y</i>	<i>a</i>	<i>o</i>	<i>ы</i>	<i>ұ</i>
жіңішке	<i>ә,e</i>	<i>ө</i>	<i>и</i>	<i>ү</i>	<i>ә,e</i>	<i>ө</i>	<i>і</i>	<i>ү</i>

#### Тілдің тік (вертикаль) жағдайы бойынша

қарақалпақ тілінде						қазақ тілінде				
қысық	<i>e</i>	<i>и</i>	<i>ү</i>	<i>y</i>	<i>ы</i>	Қысаң	<i>i</i>	<i>ү</i>	<i>ұ</i>	<i>ы</i>
орта көтеріңкі			<i>ө</i>	<i>o</i>		жартылай ашық	<i>e</i>	<i>ө</i>	<i>o</i>	
ашық	<i>ә</i>				<i>a</i>	Ашық	<i>ә</i>			<i>a</i>

<sup>1</sup> Дәулетов А. Хәзирги қарақалпақ тили. Фонетика. -Нөкис: Билим : 1994, 38-бет.

Еріннің қатынасы бойынша

қарақалпақ тілінде					қазақ тілінде			
еріндік	<i>o</i>	<i>o</i>	<i>y</i>	<i>Y</i>	<i>o</i>	<i>o</i>	<i>ұ</i>	<i>Y</i>
езулік	<i>a</i>	<i>ə, e</i>	<i>ы</i>	<i>и</i>	<i>a</i>	<i>ə, e</i>	<i>ы</i>	<i>i</i>

Дауыстылардың фонетикалық (артикуляциялық, акустикалық) жақтан да өзара ұқсас екенін көреміз.

Тілдің жазық (горизанталь) жағдайы бойынша

қарақалпақ тілінде					қазақ тілінде				
тіл алды	<i>e</i>				<i>i</i>	<i>o</i>	<i>Y</i>	<i>ə</i>	<i>e</i>
тіл ортасы	<i>и</i>	<i>o</i>	<i>Y</i>	<i>ə</i>					
тіл арты	<i>ы</i>	<i>o</i>	<i>Y</i>	<i>a</i>	<i>Ы</i>	<i>o</i>	<i>ұ</i>	<i>a</i>	

Қазақ тілінде осы уақытқа дейін дауыстыларды фонологиялық жақтан ашықтар (*a, ə, e, o, o*) және қысаңдар (*ұ, Y, ы, i, и, y*) деп екіге бөліп келді. *A, ə* фонемаларының ашық фонемалар екендігіне ешқандай күман жоқ. Қазақ тіліндегі ашық фонемалар деп келінген *e, o, o* дауысты фонемаларын Ә.Жүнісбеков ашыққа, қысаңға да жатқызбай, өз алдына дифтонгтар деп қарап, *e* (*й+i*)(*йi*), *o* (*y+ұ*) (*yұ*), *o* (*y+Y*) (*yY*) фонемаларын фонологиялық жақтан екі фонема тізбегінен тұратынын эксперименттік әдіспен дәлелдеген<sup>1</sup>. Ә.Жүнісбековтың соңғы еңбегінде де *e, o, o* дифтонгтарын бір дыбыстан басталып, екінші дыбысқа аяқталатын құранды дыбыстар деп атаған және олардың бірінші компоненті үнді *й, y*, екінші компоненті жалаң қысаңдар *i, ұ, Y* деп есептеген<sup>2</sup>.

Ал, Ж.Аралбаев *e, o, o* дауыстылары сөздің басында барлық уақытта ашық дифтонг (*e=й+э, o=y+o, o=y+o*) түрінде айтылады, сөздің кейінгі буындарында ешқандай дифтонг бола алмайды деп көрсетеді<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Джунисбеков А. Сингорманизм в казахском языке. -Алма-Ата: 1980, 17-21-беттер.

<sup>2</sup> Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. -Алматы: Арыс, 2009, 57-58-беттер.

<sup>3</sup> Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. -Алма-Ата: Ғылым, 1988. 30-бет.

«Қазақ тілінде сөздер *й, у* үнділерінен басталмайды, қалай *е, о, ө* дауыстыларының алдынан тізбектеледі?», -деп С.Мырзабеков Ә.Жүнісбековтың пікіріне қарсы пікір айтады. Сондай-ақ ол *е, о, ө* фонемаларының алдынан келетін *й, у* емес, *ій, ұу, үу (ій+ел, ұу+ол, ұу+өрт)* фонемаларының тізбектелуі деп көрсетеді<sup>1</sup>. Бұл дыбыстардың қысаң дауыстылардан өзгешеліктерін айта отырып, бұл дауыстыларды жарым ашық дауыстылар деп қарайды<sup>2</sup>.

Түркі тілдері фонетикасын салыстырмалы-тарихи жақтан қарастыратын кейінгі бір еңбекте де бұл дауыстылар (*е, о, ө*) жарым ашық дауысты деп айтылған<sup>3</sup>.

Қарақалпақ тілінде академик А.Дәулетов сөздің анлаут позициясында жұмсалатын *е (ye), о (wo), ө (wo')* ашық дифтонгтарының фонологиялық жақтан екі фонеманың тізбегінен тұратынын жан-жақты дәлелдеген. Сондай-ақ қарақалпақ тіліндегі *е* фонемасын ол ашық немесе орта көтеріңкі фонема емес, ал қысаң фонемалар қатарына жатқызады<sup>4</sup>. Қазақ әдеби тіліндегі *е, о, ө* дауыстыларының *бел-біл, бол-бұл, көл-күл* жұбайлас сөздеріндегі қарама-қарсы қойылуынан, біздіңше, олардың фонологиялық жақтан ашық дауысты дыбыстар екенінен дерек береді. Себебі ол жұбайлас сөздерде дауыстылар жуан-жіңішкелігі бойынша қарама-қарсы қойылған.

Қарақалпақ тілінде бір буынды сөздерде көп буынды сөздердің бірінші буындарында барлық дауысты фонемалар орын таңдамай толық жұмсалады. Ал көп буынды сөздердің екінші және кейінгі буындарында дауысты фонемалар жұмсалуды бойынша шектелген болады. Сондай-ақ кейбір дауыстылар соңғы буындарында бүтіндей жұмсалмайды. Мәселен, *о, ә* дауыстылары жұмсалуды жағынан әдеуір шектелген. Олар тек түбір морфемада ғана ұшырасады. Дауысты *о* фонемасы бір буынды сөздердің

<sup>1</sup> Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. –Алматы: Сөздік-словарь. 1999,39-бет.

<sup>2</sup> Мырзабеков С. Жоғарыдағы еңбегі. 40-бет.

<sup>3</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. Л., 1984, 18-бет.

<sup>4</sup> Дәулетов А. Хәзиргі қарақалпақ тили. Фонетика. -Нөкіс: Билим. 1999, 80-82-беттер.

немесе көп буынды сөздердің бірінші буынынан басқа жағдайда, байырғы сөздерде бүтіндей жұмсалмайды. Ал *ә* фонемасы сирек жағдайда, негізінен кірме сөздерде ұшырасады. А.Дәулетов дауыстылардың жұмсалу жиілігін зерттеу нәтижесінде мынандай қорытындыға келген: «дауысты фонемалардың арасында *о* және *ә* фонемалары қосымшаларда бүтіндей кездеспейді. *О* және *ә* дауысты фонемаларының қарақалпақ тілінде фонема ретінде кейінгі дәуірде қалыптасқанынан дерек береді»<sup>1</sup>.

Н.А.Баскаков *ә* дауысты фонемасын қарақалпақ тіліне араб-парсы тілдерінен кірген деп көрсетеді<sup>2</sup>. Солай десек те, қазақ әдеби тіліне қарағанда қарақалпақ тілінде *ә* дыбысы келетін сөздерді көбірек кездестіруге болады.

Қазақ тілінде дауыстылардың бірқатары сөздің бірінші буындарында көбірек кездеседі де, кейбіреулері сөздің барлық буындарында айтылады. Қазақ тілінің байырғы сөздерінде *ә, о, ө, ұ, ү* дауыстылары көбінесе сөздің бірінші буынында кездесе, қалған дауыстылар сөздің барлық буындарында айтылады. Қазақ тілінде сөздің екінші буындарында айтылмайтын дауысты – *о* фонемасы. *Ә* дауысты фонемасына келсек, бұл фонема сөздің бірінші және екінші буындарында да кездеседі. Қазақ тілінде басқа дауысты фонемаларға қарағанда *ә* дауысты фонемасының қолданылуы мөлшерлі. Өйткені араб-парсы тілдерінен енген санаулы сөздерде ғана жұмсалады. Ал қосымшада мүлдем кездеспейді<sup>3</sup>. Проф. С.Кеңесбаев *ә* дыбысы фонема ретінде қазақ тілінде бергі кезде пайда болды деп түсіндіреді<sup>4</sup>. Осыған қарап қазақ тілінде де *ә* дауысты фонемасын кейінгі дәуірде пайда болған фонема деуге болады.

---

<sup>1</sup> Дәулетов А. Хәзирги қарақалпақ тили. Фонетика. -Нөкис. Билим. 1999, 82-бет.

<sup>2</sup> Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. ч.П. -Москва: 1952, 34-бет.

<sup>3</sup> Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. -Алматы: Ғылым. 1988, 32-бет.

<sup>4</sup> Кеңесбаев С. Осы күнгі қазақ тілінің дауысты дыбыстары. Халық мұғалімі. 1949. №5. 48-бет.

Біз қарақалпақ және қазақ тілдерінің дыбыс жүйесін салыстырып үйренгенімізде қарақалпақ тіліне қарағанда қазақ әдеби тілінде *а* дауысты фонемасының көбірек қолданылатынын көруге болады. Мысалы: қарақалпақ тілінде *хәпте, әтиран, тәрези*; қазақ тилинде *апта, атыран, таразы* т.б.

Қарақалпақ тілінде *ә* дауысты фонемасы көбінесе көмекей *h* (*х*) фонемасы бар жерде айтылады. Мысалы: *хәпте, хәрекет, әхмийет, махәл, хәзир, бәрхә* хәм т.б. Қарақалпақ тілінде *ә* дауысты фонемасының араб-парсы тілдерінен енген ғалымдар тарапынан дәлелденгеніне қарамастан Д.С.Насыров *а* дауысты фонемасының орнына *ә* дауысты фонемасының қолданылуы қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесіне тән деп көрсетеді<sup>1</sup>. Қазіргі қарақалпақ тіліне араб-парсы тілдерінен кірді десек те, қазіргі зерттеу тұрғысынан қарайтын болсақ, қазақ әдеби тіліндегі *а* дыбысының орнына қарақалпақ тілінде *ә* дыбысының қолданылуын - екі тілдің негізгі айырмашылығы деп білеміз.

Қарақалпақ тілінде көмекей *h* спирантының сапалық редукциясының нәтижесінде *а* дыбысының фонематикалық созыңқылығы пайда болады: *саат (сағат), қанаат (қанаһат), зұраат*. Қарақалпақ тілі фонематикалық созыңқылығы бар тілдер қатарына жатады.

*О* фонемасы көбіне сөздің бас буынында айтылатын ашық орта, еріндік фонема. Мысалы: *ожау, ошақ, орақ, отыз* т.б. Сөздің анлаут позициясында *о* фонемасы үнемі ашық еріндік *yo/ya* дифтонг сапасында келеді: *yom (от), yoraq (орақ), yon (он)*. Қарақалпақ тілінде: *уатан, уақыя, уайран*; қазақ тілінде: *отан, оқиға, ойран* т.б. Сөздің анлаут позициясында *oo*-ның дифтонг сапасында келуі қазақ, ноғай тілдерінде де бар, бірақ бұл тілдерге қарағанда қарақалпақ тілінде *о*-ның дифтонгтік жағы күшті.

Қазақ тілінің дауысты дыбыстар жүйесі, жалпы алғанда қарақалпақ тілінің дауысты дыбыстарымен үйлес келеді. Мұның себебі ол тілдермен

---

<sup>1</sup> Насыров Д.С. Становления каракалпакского общенародного разговорного языка и его диалектная система. -Нукус-Казань: Каракалпакстан. 1976, 268-бет.

қазақ тілінің тарихи байланыстығынан, туыстығынан болу керек. Біздің байқауымызша, қарақалпақ дауыстылары баяу және созылыңқы айтылады да, ал қазақ тілі дауыстылары батыл, келте айтылады. Екіншіден, қарақалпақ тілі дауыстылары қазақ тілі дауыстыларынан гөрі алдыңғы артикуляциялық базасымен айтылады.

## 2. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамы

Дауыссыз дыбыстар сөздің әртүрлі позицияларында жұмсалуды бойынша, фонемалық құрамы жағынан қазақ және қарақалпақ тілдерінде бір-бірінен ажыралып тұрады.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі саны және сапасы жағынан әбден зерттеліп, айқындалып, бір ізге түсіп болған жоқ. Қазіргі қазақ тілінде дауыссыздар саны – 25, кейде 26. Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстар жүйесінде түркі тілдерінде кездесетін дауыссыздардан басқа, қазіргі қазақ тілінде соңғы дәуірде пайда болған дауыссыз фонемалар бар екендігі айтылып келеді. Дауыссыз дыбыстар құрамы бойынша түркі тілдерінің кейінгі дәуірлерінде көп өзгерістерге ұшыраған. Сондықтан болса керек, қазіргі түркі тілдеріндегі дауыссыз фонемалардың саны да, сапасы да бір-біріне сәйкес келмейді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеуші ғалым Ә.Жүнісбековтың айтуынша: «қазақ тілінің консонантизмдер жүйесі 17 сингорматиптен (фонема) (*б,ғ-г,д,ж,з,й,қ-к,л,м,н,ң,п,р,с,т,у,ш*) немесе 66 сингормадауыссыздан құралады» деп<sup>1</sup>, олардың қатарына *в,ф,х,һ,ц,ч* дауыссыздан кіргізбейді. Себебі, бұлар – жолдан қосылған, байырғы сөздерде жоқ, кірме дыбыстар деп түсіндіреді. Сондай-ақ ол қазақ әдеби тілінде басқа барлық дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі фонематикалық қасиетке ие болмайтынына негізделіп, жуан-жіңішке *қ/к, ғ/г* сыңарларының әрбірі де бір сингеманың (фонеманың) екі түрлі (жуан-жіңішке) көрінісі, яғни *қ/к* – бір қатаң дауыссыз сингеманың (фонеманың), *ғ/г* – бір үнді дауыссыз сингеманың (фонеманың) реңктері ретінде қарау керек деп жазды<sup>2</sup>. Фонетиканың бас оқулығында І.Кеңесбаев: «қазақ тілінде 25 дауыссыз фонема бар, орыс графикасы негізінде қазақ әдеби тіліне *в,ф,х,һ,ц* дауыссыз фонемалары кірді»<sup>3</sup>, - деп көрсетеді. Ж.Аралбаевтың пікірі бойынша да қазақ

<sup>1</sup> Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. -Алматы: Арыс, 2009, 75-бет.

<sup>2</sup> Жоғарыдағы еңбегі. 75-бет. Ол «фонема» орнына «сингема» терминін қолдануды айтады.

<sup>3</sup> Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. -Алма-Ата:1954, 132-бет

тілінде 25 дауыссыз фонема болып, олар жасалу орны, дауыс пен салдырдың қатынасы бойынша жіктеледі: *б,п,д,т,к,г,қ,ғ,ф,в,х,с,з,ш,ж,ц,ч,м,н,ң,у,л,й,р,щ*<sup>1</sup>.

Қазақ тілінде *қ,к,ғ,г* дауыссыз фонемалары қазіргі күнге дейін өз алдына жеке-жеке фонема деп есептеліп, олардың әрбірі айрықша таңбалармен белгіленіп келген болса да, осы дауыссыздардың төңірегінде қазақ және карақалпақ тіл білімінде соңғы дәуірде басқаша көзқарас пайда болды. Дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі, соның ішінде *қ-к, ғ-г* түріндегі дауыссыздардың да жуан-жіңішкелігі әртүрлі фонемалар емес, ал бір фонеманың сингорманизмге заңына сай әртүрлі көріністері (реңктері) деген көзқарастар да бар.

Жүйеге жүрмей, үнемі жіңішке айтылатын *к,г* зерттеушілердің назарын әр кез өзіне аударып отырған. Қазақ арасында болып, осы дыбыстардың айтуын аңдаған П.М.Мелиоранский де бұл (*қ,ғ,к,г*) төртеуінің анық естілетінін айтады. А.Байтұрсынов алғашқы «Тіл құралында»: *қ* һәм *ғ* дыбыстары һешуақытта жіңішкермейді. *К* һәм *г* дыбыстар һеш уақытта жуандамайды, яғни жуан айтылмайды. Сондықтан бұл дыбыстар тоң дыбыстар деп аталады»<sup>2</sup>, - десе, осы ойынан кейін де айныған жоқ.

Сингорманизм туралы сындарлы еңбек жазған Х.Досмағанбетов: «Дұрысында *қ* мен *ғ* дыбысының жіңішке түрін *қ, ғ* қылып таңбалау керек еді. *К* мен *г* қаріптерін тастау керек еді» деуін десе де, жазу тұрғысынан қарап, *к* мен *г* әріптерін қолдана беру керек»<sup>3</sup> - деп табады. Ал Ж.Аралбаев «бұл бір фонеманың аллофондары ғана»<sup>4</sup> дейді.

Оған керісінше, *қ* мен *к* – қатаң бір (*қ*) фонема, *ғ* мен *г* ұяң бір (*г*) фонема деген пікірді 20 жылдай дәлелдеп, айтып келген Ә.Жүнісбеков қазақ тілінде 17 дауыссыз сингема (фонема) бар деген тұжырымға біржолата бекінді.

<sup>1</sup> Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. -Алма-Ата: Ғылым. 1988, 66-бет.

<sup>2</sup> Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. 1991. 154, 329 беттер.

<sup>3</sup> Досмағанбетұлы Х. Аламан. Алматы. 1992. 84-бет.

<sup>4</sup> Аралбаев Ж. Вокализм казахского языка. Алматы. 1970. 91-бет.

Қысқасы, *қ,к,ғ,г* дыбыстарының әзірше қалыптасқан түсінік-түйсік тұрғысынан танып баяндау керек болады. Сонымен қазіргі қазақ тілінде – 25 дауыссыз фонема бар.

Қарақалпақ тілінің дауыссыз дыбыстар жүйесіне келетін болсақ, қарақалпақ тілінің дауыссыз дыбыстар жүйесінің ең алғашқы дәуірінде – түркі тілдерге араб-парсы тілдерінен көптеп сөздердің келіп кіруіне дейінгі дәуірде Н.А.Баскаковтың көрсетуі бойынша 14 дауыссыз фонема (*м,п,ў,н,л,р,т,с,з,ш,ж,й,ң,к*) болған. Ал *б,д,г,х,қ,ғ* және т.б. дыбыстар дауыссыз фонемалардың варианты қызметін атқарған<sup>1</sup>.

Дауыссыз фонемалардың қалыптасуының екінші кезеңі ислам дінінің таралуы және араб-парсы тілдерінен сөздердің кіруімен байланысты. Бұл дәуірде 14 фонемаға қосымша *б,д,х,г* дауыссыз фонемалары қосылған және *ф,х* дауыссыз фонемалары тікелей араб-парсы тілдерінен енген. Бұл кезеңде дауыссыздардың фонемалық құрамында 20 фонема бар. Дауыссыздардың дамуының ең соңғы кезеңі орыс және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздердің кіруімен қарақалпақ тілінің дауыссыздар жүйесіне *в,ц,ч* фонемалары қосылған<sup>2</sup>. Қазіргі қарақалпақ тілінің дауыссыздар құрамы 23 дауыссыз (*б,п,м,ў,с,з,ш,ж,т,д,н, л,р,й,к/қ,г/ғ,ң,х,в,ц,ч,ф,х*) фонемадан тұрады. Қарақалпақ тілінің дауыссыздарының фонемалық құрамын анықтауда екі нәрсені есепке алу керек деп есептейміз. Біріншіден, орыс тілінен енген сөздерде жұмсалатын *ц,ч,в,ф* дыбыстарының фонематикалық қасиеттері. Екіншіден, *к* және *қ, г және ғ* дыбыстарының фонематикалық қасиеттері. Басқаша айтқанда *к* мен *қ* бір фонеманың екі түрлі реңкі ме немесе өз алдына екеуі екі түрлі фонемалар ма? *Г* мен *г* туралы да осындай сұрақ туады. Бұл сұрақ тосыннан пайда болған жоқ. Қарақалпақ тілін зерттеуші ғалымдар *қ/к, г/ғ* дауыссыздарының әрқайсысы айрықша фонемалар деп есептеп келген еді. Соңғы дәуірдегі А.Дәулетовтың зерттеулері бұл дауыссыздардың әрбірі

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. ч. II. -Москва: 1952, 57-бет.

<sup>2</sup> Дәулетов А. Хазирги каракалпак тили. Фонетика. -Нөкис: Билим. 1994, 76-77-беттер.

айрықша таңбамен таңбаланғанымен соған сәйкес айрықша фонемалар емес, ал *қ* мен *к* бір фонеманың теңдей дәрежедегі жуан және жіңішке реңктері, *ғ* мен *г* де сондай бір фонеманың жуан және жіңішке реңктері екендігі жан-жақты дәлелденген<sup>1</sup>. Қазақ тілінде де бұл фонемалардың жағдайы дәл сондай екендігі, қазақ тілінде де *қ/к* бір қатаң фонеманың, *ғ/г* екінші бір үнді фонеманың жуан-жіңішке реңктері екендігі дәлелденген<sup>2</sup>.

Қарақалпақ тілінде қатаң мен ұяң дыбыстардан кейін *л* (қосымшаның басында) дыбысы қазақ тіліндегі сияқты ассимиляцияланбайды. (қарақалпақ тілінде: *ат-лар, ғаз-лар, адам-лар*). Бұл жағынан қарақалпақ тілі мен ноғай тілі бір-біріне үйлес келеді. Ал қазақ тілінде қатаңнан кейін қатаң, ұяңнан кейін ұяң дыбыстар үндесіп келеді: *ат-тар, қаз-дар, адам-дар*.

Қазіргі қарақалпақ әдеби тілі мен қазақ әдеби тілінің дауыссыздарында *п/б, д/т, ғ/к, ғ/қ* дыбыстық алмасулары ұшырасады. Қарақалпақ әдеби тілінде сөз басында қатаң *п* дауыссыз фонемасының орнына қазақ әдеби тілінде үнді *б* дауыссыз фонемасы қолданылады. Қарақалпақ тілінде: *полат, палапан, путақ, пал, пәтия, пүтин*; қазақ тілінде: *болат, балапан, бұтақ, бал, бата, бүтін*. Бұл дыбыстар сөздің басында жұмсалғанда фонологиялық жақтан бірінің қызметін бірі атқаруға бейім екенін көреміз. Түркі тілдерінің арасынан кейбірін сөз басында осы дауыссыздардың бірдей қатаң немесе бірдей ұяң варианттарын көбірек қолданатын тілдер тобын айырып көрсетуге болады. Сөздің басында *п* дыбысы қолданатын тілдерге өзбек, чуваш, хакас, тува, шор, алтай, ұйғыр тілдері<sup>3</sup>; сөздің басында *б* дыбысын қолданатын тілдер қатарына қазақ, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт тілдерін кіргізуге болады. Ал, басқа түркі тілдерде бұл дауыссыз дыбыстардың екеуі де қатар қолданатынын байқауға болады.

<sup>1</sup> Дәулетов А. Қазіргі қарақалпақ әдеби тілінің сөзлік дүзілісі. -Нөкіс: Билим, 1995, 169-171 беттер

<sup>2</sup> Джунисбеков А. Строй казахского языка. Фонетика. -Алма-Ата: 1991. 10-бет.

<sup>3</sup> Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. -Алматы: Ғылым. 1978, 61-бет.

Қазақ және қырғыз тілдерінде қарақалпақ тіліне салыстыра қарағанда сөз басында ұяң *б* дыбысы жиі қолданылады. Н.К.Дмитриевтің көрсетуінше, қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі *п* дыбысынан басталатын сөздер негізінен басқа тілдерден енген сөздер. *П* дыбысының қазақ тілінде сөз басында келуі дыбыстық еліктеуден пайда болған деп көрсетеді<sup>1</sup>. Диалектолог ғалым С.Омарбековтың көрсетуінше қазақ тіліндегі ұяң *б* дыбысының қатаң *п* дыбысына алмасуының жиі қолданатын аймақтары - Өзбекстан және Қарақалпақстанда жасаушы қазақтардың тілі деп есептейді<sup>2</sup>.

Қарақалпақ тілі қазақ тілімен қатар анлаут позицияда ұяң *б* дауыссыз дыбысын қолданатын тілдер қатарына кірсе де, қарақалпақ әдеби тілінде қатаң *п* дауыссыз дыбысын көбірек қолданатынын көрдік. Ал, қарақалпақ тіліне бұл құбылыс қалай келіп кірген? деген сұрақ туады. Мұның себебін жергілікті халық тілімен қарым-қатынастағы тіл - өзбек тілінен іздеуге болады. Өзбек тілі сөздің басында қатаң *п* дыбысын көп қолданатын тілдер қатарына кіреді. В.В.Решетов өзбек тілінің кейбір диалектілерінде сөздің басында барлық уақыт қатаң *п* дыбысының қолданатынын айтады<sup>3</sup>. Ф.А.Абдуллаев өзбек тілінің қыпшақ говорларында сөздің басында *б* дыбысының орнына барлық уақыт *п* дыбысының қолданылатынын көрсетеді<sup>4</sup>. Сөз басында қарақалпақ тіліндегі ұяң *б* дауыссыз дыбысының орнына қатаң *п* дауыссыз дыбысының қолданылуын өзбек тілінің қарақалпақ тіліне тигізген әсері деп қарауға болады.

Қарақалпақ әдеби тілінде сөз басындағы ұяң *б* фонемасы орнына қазақ әдеби тілінде үнді *м* фонемасы қолданылады. Қарақалпақ тілінде: *бұны, бұның, бұнда*; қазақ тілінде: *мұны, мұның, мұнда* және т.б.

Қарақалпақ тілінің сөз басындағы ұяң *д* дауыссыз фонемасының орнына қазақ әдеби тілінде қатаң *т* дауыссыз фонемасы қолданылады. Қарақалпақ

---

<sup>1</sup> Дмитриев Н.К. Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. –Москва: 1955, 270-бет.

<sup>2</sup> Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. -Алматы: Ғылым. 1978. 63-бет.

<sup>3</sup> Решетов В.В. Узбекский язык. ч.І. Фонетика. -Ташкент: Учпедгиз. 1959, 231-бет.

<sup>4</sup> Абдуллаев Ф.А. Фонетика Хорезмских говоров. -Ташкент: Фан. 1967,157-бет.

тілінде: *дуз, думан, дизим, дизе, дөгерек, дузақ*; қазақ тілінде: *тұз, тұман, тізім, тізе, төңірек, тұзақ* және т.б. Қарақалпақ тілі қазақ тілімен қатар сөз басында *т* дыбысы қолданылатын қыпшақ тобындағы тілдер қатарына кіреді. Сөз басында ұяң *д* дыбысының айтылуы негізінен оғыз тобындағы азербайжан, түркмен, түрік тілдеріне тән болып есептеледі. Мұның өзі қарақалпақ тілінің жасалу тарихымен байланысты болса керек деп шамалауға болады.

Қарақалпақ тілінің сөз басындағы ұяң *г* дауыссыз фонемасының орнына қазақ тілінде қатаң *к* дауыссыз фонемасы айтылады. Қарақалпақ тілінде: *гилем, герең, геўде, гөбелек, гөне, гүби, гүз, гүзе, гүзек, гүмән, гүмис, гүңгирт, гүнжара, гүрес, гүриш, гүзет*; қазақ тілінде: *кілем, керең, кеуде, көбелек, көне, күбі, күз, күзе, күзек, күмән, күміс, күңгірт, күнжара, күрес, күріш, күзет* және т.б. Ал оғыз тобындағы тілдерде сөз басында *к* қатаң дыбысы орнына *г* ұяң дыбысы қолданылады.

Қарақалпақ тілінің сөз басындағы ұяң *г* дауыссыз фонемасының орнына қазақ тілінде сөз басында қатаң *қ* дауыссыз фонемасы айтылады. Қарақалпақ тілінде: *ғайрат, ғамқорлық, ғам, ғарры, ғаз, ғарға*; қазақ тілінде: *қайрат, қамқорлық, қам, қарт, қаз, қарға* және т.б.

Қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің оғыз тобындағы тілдерден негізгі фонетикалық ерешелігі – қыпшақ тілдерінде сөз басында көбінесе қатаң *т,к,қ* дауыссыз фонемалары келеді. Ал оғыз тобындағы түркі тілдерінде сөз басында ұяң *д,з,г* дауыссыз фонемалары жұмсалады. Қарақалпақ және қазақ тілдері қыпшақ тобындағы тілдерге жатса да, қарақалпақ тілінде сөз басында кейде ұяң *д,з,г* дауыссыздарының қолданылуын кейбір ғалымдар қарақалпақ тілінің даму тарихымен байланысты деп қарайды<sup>1</sup>. Осындай пікірді, яғни анлаут позицияда қазақ тілінде *б* (*бұтақ, бәкі*) фонемасының жұмсалуы

---

<sup>1</sup> Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. -Алматы: Ғылым, 61-бет.

туралы айтуға болады. Бұған қарап оғыз тілдерінің әсері қарақалпақ тілінің даму тарихында өз ізін қалдырған деп шамалауға болады.

### 3. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі геминация құбылысы

Қазақ және қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесін салыстыра зерттегенімізде геминант дауыссыздардың қолданылуында да айрықша зерттеуді талап ететін мәселе бар екендігі байқалады.

Түбір мен қосымшалардың, біріккен сөздердің аралығындағы бірдей көршілес дауыссыздардың қосарланып келуі геминация құбылысы деп аталады.

Қазіргі қазақ тіліндегі морфонология құбылысын зерттеген А. Айғабылов морфонологиялық құбылыстар туралы: «морфонологиялық құбылыстар – артикуляциялық мүмкіндікке негізделмеген, тек сөйлеу тіліндегі өзгерістердің ақырындап тілдік дәстүрге айналуынан қалыптасқан өзгерістер» дейді<sup>1</sup>. Сондай-ақ, А.Айғабылов геминация құбылысын қазақ тілінде санаулы сөзде кездесетінін көрсетіп (*махаббат, аббат, мүдде*), дегенмен бүгінгі сөйлеу тілімізде қатар тұрған *б* және *д* дыбыстарының түсіріліп *махабат, абат, мүде* болып айтылатынын, яғни бұлар тілімізге араб-парсы тілдерінен енген сөздер, тілімізге келіп кіру барысында *б* және *д* дыбыстары түсіріліп айтылатын болған деп көрсетеді<sup>2</sup>. Ғалым Ж.Аралбаев та қазақ әдеби тілінде геминант дауыссыздар сирек кездесетін құбылыс екендігін айтады<sup>3</sup>. Бұның себебі қазақ әдеби тілінің фонетикасында қосарлы дыбыстардың дамуында дара дыбысқа қарай ұмтылу сияқты тенденциядан болса керек.

Қарақалпақ тілінде геминант дауыссыздар түбірде, аффикстер шегарасында және түбір морфемалардың ішіндегі буындар шегарасында да кездеседі: *ғарры, мухаббат, хәкке, лаққы, мүддет* және т.б. А.Дәулетов: «Геминант дауыссыздардың морфемалар шегарасында кездесуін айрықша түсіндіріп отырудың керегі жоқ. Себебі көп морфемалы туынды сөздерде

<sup>1</sup> Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. -Алматы: Санат. 1995. 4-бет.

<sup>2</sup> Жоғарыда көрсетілген еңбегі. 31-бет.

<sup>3</sup> Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. -Алматы: Ғылым. 1988, 71-бет.

алдыңғы морфеманың соңғы дыбысы және соңғы морфеманың алдыңғы дыбысының дауыссыз болып келуі арқылы олар көршілес болып келіп, дауыссыздардың қосарлануын пайда етеді. Геминанттардың морфемалар шегарасында емес, ал бір морфеманың құрамында ұшырасуын дәлелдеу қиын және бұл айрықша зерттеуді талап етеді» дейді<sup>1</sup>. Қарақалпақ тілінің морфнологиясын зерттеген М.Құдайбергенов: «геминант дауыссыздардың пайда болуы тек фонетикалық немесе тек морфологиялық заң негізінде түсіндіру мүмкін емес. Геминация - тілдің морфологиялық құрылысының тарихи дамуы кезінде пайда болған морфонологиялық құбылыс. Сондықтан олар қазіргі түркі тілдерінде бірдей дәрежеде кездеспейді» дейді<sup>2</sup>. Сондай-ақ М.Құдайбергенов қарақалпақ тілінде геминант дауыссыздар саны бойынша басқа түркі тілдерге қарағанда орташа дәрежеде тұрады және олардың пайда болуының негізгі себептерінің бірі ашық буынға байланысты. Қарақалпақ тілінде геминант дауыссыздар араб-парсы тілдерінен кірген сөздердің құрылысында кездеседі (*муқаббат, Аббаз, Мухаммед, әззел*) деп көрсетеді<sup>3</sup>.

Біз қазіргі қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі кездесетін геминант дауыссыздардың санын салыстырып қарағанымызда қарақалпақ тілінде орташа дәрежеде тұрады десе де, қазақ тіліне қарағанда көбірек кездесетінін байқауға болады. Мұны кесте арқылы көрсеттік.

Қарақалпақ тілінде	Қазақ тілінде
Ыссы	Ыстық
Ғарры	кәрі
мәкке	Меке
сәлле	сәлде
хәрре	Ара

<sup>1</sup> Дәулетов А. Қазіргі қарақалпақ әдебиетінің сөздік дүздісі. –Нөкіс: Билим. 1995. 99-бет.

<sup>2</sup> Құдайбергенов М. Қарақалпақ тілінің морфонологиясы. -Ташкент: 2006. 30-31-бет.

<sup>3</sup> Жоғарыда көрсетілген еңбег. 31-32-беттер.

Уллы	ұлы
дәрриў	дереу
өрре	өре
әллеқашан	әлдеқашан
жәннәт	жанат
беккем	бекем
Миннет	міндет

### III. Қорытынды

Қазақ және қарақалпақ тілдері генетикалық жақтан бір-біріне өте жақын туыс тілдер болып, өзара сөйлескенде олар ешқандай сөздіктің жәрдемінсіз анық түсінеді. Солай болса да, бұл екі тілдің әрбірінің айрықша түркі тілдер болып ғасырлар барысында қалыптасқанын, дыбыстық құрылысы, сөздік құрамы, грамматикалық құрылысы жағынан қалыптасып, жетіліскен тілдер екені ғалымдар тарапынан әлде қашан дәлелденген еді.

Қазақ әдеби тіліндегі *а* дыбысының орнына *ә* дыбысының жиі қолданылады. Қазақ әдеби тілінде *ә* дыбысы басқа дауысты дыбыстарға қарағанда сирек қолданылады, негізінен араб-парсы тілдерінен енген сөздерде көбірек кездеседі. Қарақалпақ әдеби тіліне қарағанда, қазақ әдеби тілінде араб-парсы тілдерінен енген сөздер аз қолданылады. Қарақалпақ тілінде *ә* дыбысы фарингаль *h* (*х*) дыбысы бар сөзде айтылады. Мысалы: *хәрекет, әхмийет, бәхәр*.

Қарақалпақ тілінде көмекей *h* спирантының сапалық редукциясының нәтижесінде *а* дыбысының фонематикалық созыңқылығы пайда болады: *саат (сағат), қанаат (қанаһат), зұраат*. Қарақалпақ тілі фонематикалық созыңқылығы бар тілдер қатарына жатады. *О* фонемасы көбіне сөздің бас буынында айтылатын ашық орта, еріндік фонема. Мысалы: *ожау, ошақ, орақ, отыз* т.б. Сөздің анлаут позициясында *о* фонемасы үнемі ашық еріндік *yo/ya* дифтонг сапасында келеді: *уот (от), уорақ (орақ), уон (он)*. Қарақалпақ тілінде: *уатан, уақыя, уайран*; қазақ тілінде: *отан, оқиға, ойран* т.б. Сөздің анлаут позициясында *oo*-ның дифтонг сапасында келуі қазақ, ноғай тілдерінде де бар, бірақ бұл тілдерге қарағанда қарақалпақ тілінде *о*-ның дифтонгтік жағы күшті.

Қазақ тілінің дауысты дыбыстар жүйесі, жалпы алғанда қарақалпақ тілінің дауысты дыбыстарымен үйлес келеді. Мұның себебі ол тілдермен

қазақ тілінің тарихи байланыстығынан, туыстығынан болу керек. Біздің байқауымызша, қарақалпақ дауыстылары баяу және созылыңқы айтылады да, ал қазақ тілі дауыстылары батыл, келте айтылады. Екіншіден, қарақалпақ тілі дауыстылары қазақ тілі дауыстыларынан гөрі алдыңғы артикуляциялық базасымен айтылады.

Қазіргі қазақ тілінде – 25 дауыссыз фонема бар. Қазіргі қарақалпақ тілінің дауыссыздар құрамы 23 дауыссыз (*б,п,м,ұ,с,з,ш,ж,т,д,н, л,р,й,к/қ,г/ғ,ң,х,в,и,ч,ф,х*) фонемадан тұрады.

Қарақалпақ тілінде қатаң мен ұяң дыбыстардан кейін *л* (қосымшаның басында) дыбысы қазақ тіліндегі сияқты ассимиляцияланбайды. (қарақалпақ тілінде: *ат-лар, газ-лар, адам-лар*). Бұл жағынан қарақалпақ тілі мен ноғай тілі бір-біріне үйлес келеді. Ал қазақ тілінде қатаңнан кейін қатаң, ұяңнан кейін ұяң дыбыстар үндесіп келеді: *ат-тар, қаз-дар, адам-дар*. Қазіргі қарақалпақ әдеби тілі мен қазақ әдеби тілінің дауыссыздарында *б/м, д/т, г/к, г/қ* дыбыстық алмасулары ұшырасады.

Қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің оғыз тобындағы тілдерден негізгі фонетикалық ерешелігі – қыпшақ тілдерінде сөз басында көбінесе қатаң *т,к,қ* дауыссыз фонемалары келеді. Ал оғыз тобындағы түркі тілдерінде сөз басында ұяң *д,г,ғ* дауыссыз фонемалары жұмсалады. Қарақалпақ және қазақ тілдері қыпшақ тобындағы тілдерге жатса да, қарақалпақ тілінде сөз басында кейде ұяң *д,г,ғ* дауыссыздарының қолданылуын қарақалпақ тілінің даму тарихымен байланысты деп қарайды. Осындай пікірді, яғни анлаут позицияда қазақ тілінде *б* (*бұтақ, бәкі*) фонемасының жұмсалуы туралы айтуға болады. Бұған қарап оғыз тілдерінің әсері қарақалпақ тілінің даму тарихында өз ізін қалдырған деп шамалауға болады.

А.Айғабылов геминация құбылысын қазақ тілінде санаулы сөзде кездесетінін көрсетіп (*махаббат, аббат, мүдде*), дегенмен бүгінгі сөйлеу тілімізде қатар тұрған *б* және *д* дыбыстарының түсіріліп *махабат, абат,*

*мүде* болып айтылатынын, яғни бұлар тілімізге араб-парсы тілдерінен кірген сөздер, тілімізге келіп кіру барысында *б* және *д* дыбыстары түсіріліп айтылатын болған деп көрсетеді. Ғалым Ж.Аралбаев та қазақ әдеби тілінде геминант дауыссыздар сирек кездесетін құбылыс екендігін айтады. Бұның себебі қазақ әдеби тілінің фонетикасында қосарлы дыбыстардың дамуында дара дыбысқа қарай ұмтылу сияқты тенденциядан болса керек.

Біз қазіргі қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі геминант дауыссыздардың санын салыстырып қарағанымызда қарақалпақ тілінде орташа дәрежеде тұрады десе де, қазақ тіліне қарағанда көбірек кездесетінін байқауға болады.

#### IV. Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдуллаев Ф.А. Фонетика Хорезмских говоров. -Ташкент: Фан. 1967.
2. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. -Алматы: Санат. 1995.
3. Аралбаев Ж. К вопросу о каракалпакской акцентуации. Журнал «Вестник» КазГУ, Вып №3, -Алма-Ата: 1958.
4. Аралбаев Ж. Қарақалпақ тілінің дауысты фонемалары. Журнал. Известия АнКазССР, серия филология и искусствоведения. Вып 1-2. -Алма-Ата: 1959.
5. Аралбаев Ж. В фонологии каракалпакского вокализма. Вестник АНКазССР. №3, 1965.
6. Аралбаев Ж.Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы Ғылым. 1988.
7. Аралбаев Ж. Вокализм казахского языка. Алматы. 1970.
8. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1992.
9. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. т.ІІ. (части речи и словообразования) –М: 1952.
10. Дәулетов А. Хәзирги қарақалпақ тили. Фонетика. -Нөкис: 2005.
11. Дәулетов А. Хәзирги қарақалпақ тили. Фонетика. -Нөкис: Билим. 1999.
12. Дәулетов А. Хәзирги қарақалпақ тили. Фонетика. -Нөкис: Билим: 1994.
13. Дәулетов А. Хәзирги қарақалпақ әдебий тилинің дүзилісі. Нөкис. Билим. 1995.
14. Джунибеков А. Гласные казахского языка. Автореферат. дисс. канд. филолг. наук. -Алма-Ата. 1969.
15. Джунибеков А. Сингорманизм в казахском языке. -Алма-Ата. 1980.
16. Джунибеков А. Строй казахского языка. Фонетика. -Алма-Ата: 1991. .

17. Дмитриев Н.К. Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. –Москва: 1955.
18. Досмағанбетұлы Х. Аламан. Алматы. 1992.
19. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы. Арыс. 2009. 6-бет.
20. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексика. - Алма-Ата: Ғылым. 1962.
21. Қудайбергенов М. Қарақалпақ тилинің морфонологиясы. -Ташкент: 2006.
22. Малов С.Е. Заметки о каракалпакском языке. -Нукус: 1966;
23. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. -Алматы: Сөздік-Словарь. 1999.
24. Насыров Д.С. Становления каракалпакского общенародного разговорного языка и его диалектная система. -Нукус-Казань: Каракалпакстан. 1976.
25. Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. -Алматы: Ғылым. 1978.
26. Поливанов Е.Д. Некоторые фонетические особенности каракалпакского языка. Сб. Труды Хорезмской экспедиции. Ташкент. 1933
27. Решетов В.В. Узбекский язык. ч.І. Фонетика. -Ташкент: Учпедгиз. 1959.
28. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. Л., 1984.

Мазмұны:

Кіріспе _____	3
<b>I. Қазақ және қарақалпақ тілі дыбыс жүйесінің зерттелу тарихы</b>	
1. Қазақ фонетикасының зерттелу тарихы _____	6
2. Қарақалпақ фонетикасының зерттелу тарихы _____	25
<b>II. Қазақ және қарақалпақ тілінің дыбыс жүйесі туралы</b>	
1. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамы _____	28
2. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамы _____	39
3. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі геминация құбылысы _____	46
<b>III. Қорытынды _____</b>	49
<b>IV. Пайдаланылған әдебиеттер _____</b>	52